

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК–
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ**

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
**НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

**АРМАТУРАЛАНҒАН ТАС ҚАБЫРҒАЛАРДЫ
ВЕРТИКАЛЬ ЖӘНЕ ГОРИЗОНТАЛЬ
ЖҮКТЕМЕЛЕРДІҢ ӘРЕКЕТІНЕ ЖОБАЛАУ**

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ АРМИРОВАННЫХ
КАМЕННЫХ СТЕН НА ДЕЙСТВИЯ
ВЕРТИКАЛЬНЫХ И ГОРИЗОНТАЛЬНЫХ
НАГРУЗОК**

ҚР НТҚ 06-01-1.2-2013
(ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 әзірленген)
НТП РК 06-01-1.2-2013
(к СН РК EN 1996-1-1:2005/2011)

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами
Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ИННОБИЛД» ЖШС
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап
- 4 **ЕНГІЗІЛДІ:** Алғашқы рет

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ИННОБИЛД»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года
- 4 **ВВЕДЕН:** Впервые

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	IV
1 Қолдану саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	2
3 Терминдер мен анықтамалар	4
4 Белгілеулер мен қысқартулар	5
5 Материалдар.....	7
5.1 Құрылыс тастары және блоктары	7
5.2 Қалау ерітінділері	10
5.3 Тас қалау	11
5.4 Арматура.....	14
5.5 Толтыруға арналған бетон	17
5.6 Арматураның толтырумен ұстасуы	18
6 Қабырғаларды иілу кезінде есептеу.....	19
6.1 Есептік модельдер.....	19
6.2 Қабырға жазықтығында иілген кездегі көтергіш қабілеті	23
6.3 Қабырға жазықтығынан иілген кездегі көтергіш қабілеті.....	33
7 Сығылу және иіле сығылу қабырғаларды есептеу	37
7.1 Жалпы ережелер	37
7.2 Есептеу әдістемесі	38
8 Жылжу кезінде қабырғаларды есептеу.....	43
8.1 Жалпы ережелер	43
8.2 Көлденең жүктемені есептеу	45
8.3 Тік жүктемелерге есептеу	47
9 Алдын ала кернелген конструкциялар.....	50
10 Пайдалану жарамдылығы бойынша шекті күйі.....	52
11 Конструктивтік және технологиялық талаптар	55
А қосымшасы (ақпараттық) Көлденең ерітінді жіктерді арматуралау	63
Б қосымшасы (ақпараттық) Тік (бойлық) арматуралау.....	71
В қосымшасы (ақпараттық) Қабырғаларды аралас (көлденең және тік) арматуралау	77
Г қосымшасы (ақпараттық) Алдын ала кернелген қабырғалар.....	92
Библиография.....	96

КІРІСПЕ

Осы нормативтік-техникалық құрал «Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты» Акционерлік қоғамы («ҚазҚСҒЗИ» АҚ) дайындады.

Осы нормативтік-техникалық құралда:

– ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 Арматураланған және арматураланбаған тас конструкцияларына арналған жалпы ережелер, 1-5-тарауларында берілген тік және көлденең жүктемелердің әсеріне арматураланған тас конструкцияларды жобалау және есептеудің қағидалары мен ережелері;

– ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 Жобалау шешімдері, материалдарды таңдау және тас конструкцияларын жасау 2-5-тарауларында мазмұндалған тік және көлденең жүктемелердің әсеріне арматураланған тас конструкцияларды жобалау және есептеудің қағидалары мен ережелері;

– ҚР ҚН EN 1996-3:2005/2011 Арматураланбаған тас конструкцияларына ықшамдалған есеп әдістері, 1-5-тарауларында келтірілген тік және көлденең жүктемелердің әсеріне арматураланған тас конструкцияларды жобалау және есептеудің қағидалары мен ережелері;

– ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 Отқа төзімділігін анықтаудың жалпы ережелері, 2-5- тарауларында мазмұндалған қағидалар мен ережелерді дамытатын ережелер;

– жобалау тәжірибесінде ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011, 2-5-тарауларының ережелерін қолдануды көрсететін мысалдар.

Осы нормативтік-техникалық құралды әзірлеген кезде ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2012 ережелерінен басқа:

– ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 Ұлттық қосымша ережелері;

– ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 «Құрылыс жобалау негіздері» тиісті ережелері;

– ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 Болат конструкциялар;

– ҚР ҚН EN 1992-1-1:2005/2011 Темірбетон конструкциялар;

– арматураланған тас конструкцияларды жобалау саласында мамандандырылған шетелдік ұйымдардың орындаған зерттеулер мен жобалық шешімдерінің қабылданған нәтижелері ескерілді.

Осы құжатта арматураланған тас конструкцияларға қойылатын пайдалану талаптары, қолданылатын материалдардың сипаттамалары, сонымен қатар тік және көлденең жүктемелер әсеріне арматураланған тас конструкцияларын есептеу және құрастыру әдістері келтірілген.

Әзірленген құрал ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 келтірілген талаптарды қолдану жөніндегі тәжірибелік құжат және тік және көлденең жүктемелер әсеріне арматураланған тас конструкцияларын есептеу және құрастыру жөніндегі қосымша материал болып табылады.

Осы нормативтік-техникалық Құрал инженерлік-техникалық жұмысшыларға, жобалық өнімге тапсырыс берушілерге, оқытушыларға және жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

Осы нормативтік-техникалық құрал Қазақстан Республикасының нормативтік құжаты ретінде ерікті негізде қолдану үшін енгізіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК–ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ
НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
АРМАТУРАЛАНҒАН ТАС ҚАБЫРҒАЛАРДЫ ВЕРТИКАЛЬ ЖӘНЕ
ГОРИЗОНТАЛЬ ЖҮКТЕМЕЛЕРДІҢ ӘРЕКЕТІНЕ ЖОБАЛАУ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ АРМИРОВАННЫХ КАМЕННЫХ СТЕН НА ДЕЙСТВИЯ
ВЕРТИКАЛЬНЫХ И ГОРИЗОНТАЛЬНЫХ НАГРУЗОК

Енгізілген күні – 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы нормативтік-техникалық құрал ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 «Тас конструкцияларды жобалау. 1-1 тарау. Арматураланған және арматураланбаған тас конструкцияларына арналған жалпы ережелер» ережелерін жетілдіру үшін құрастырылған және тік және көлденең жүктемелер әсеріне арматураланған тас қабырғаларды жобалау кезінде қолдануға арналған.

1.2 Осы «Тік және көлденең жүктемелер әсеріне арматураланған тас қабырғаларды есептеу және жобалау» нормативтік-техникалық құралы ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 келесі тарауларында келтірілген қағидалар мен ережелерден тұрады және жетілдіреді:

- 1-тарау «Жалпы ережелер»;
- 2-тарау «Негізгі принциптер мен ережелер»;
- 3-тарау «Материалдар»;
- 4-тарау «Есептеулерді жүргізу әдістемесі»;
- 5-тарау «Конструкциялау».

1.3 ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 келтірілген қағидалар мен ережелер жалпы және арнайы болып бөлінеді.

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 1-5-тарауларында және осы нормативтік-техникалық құралда келтірілген қағидалар мен ережелер тас конструкцияларды және олардың конструктивті элементтері үшін орталық болып табылады. Сонымен қатар құралда ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 арматураланған тас конструкцияларды жобалау және есептеу бөліміндегі негізгі ережелерге қатысты, сонымен қатар тас конструкцияларында материалдарға және арматураға қойылатын талаптарды қолдану жөніндегі еуропалық стандарттар қатарына қатысты түсіндірмелер беріледі.

Жалпы қағидалар мен ережелерді толықтыратын тік және көлденең жүктемелер әсеріне арматураланған тас қабырғаларды есептеу және жобалаудың арнайы қағидалар мен ережелері:

– ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 1,2,3,4,5-тарауларында және көрсетілген бөлімдерге тиісті құралдарда келтірілген.

1.4 Осы құжаттың мақсаты тік және көлденең жүктемелер әсеріне арматураланған тас қабырғаларды жобалау бойынша ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 қағидалары мен ережелерін түсіндіру болып табылады.

1.5 Осы нормативтік-техникалық құрал:

- жобалық құжаттамаға тапсырыс берушілердің (мысалы, тас көп қабатты қоршау конструкциялары бар ғимараттар инвесторларының);
- тас конструкцияларды жобалауды жүзеге асыратын мамандардың;
- тас конструкцияларды жобалау және құрылысы сапасын бақылауды жүзеге асыратын мамандардың;
- тиісті әкімшілік органдардың қолдануына арналған.

1.6 Талаптары тиісті нормативтерді әзірленгенге дейін ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 ескерілмеген тік және көлденең жүктемелер әсеріне арматураланған тас қабырғаларды есептеу және жобалауды арнайы зерттеулер нәтижелеріне негізделген арнайы техникалық шарттар негізінде жүзеге асыру қажет.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы нормативтік-техникалық құралды қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Мерзімі көрсетілген сілтемелер үшін сілтеме нормативтік құжатының тек көрсетілген басылымын ғана қолданады, мерзімі көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтеме құжатының соңғы басылымын қолданылады (соның ішінде оның барлық өзгертулерімен бірге):

ҚР СТ 1.9–2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Қазақстан Республикасында стандарттау жөніндегі шетелдердің халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттарын, стандарттау жөніндегі басқа нормативтік құжаттарды қолдану тәртібі.

ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 Күш түсетін конструкцияларды жобалаудың негіздері №

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 Темірбетон конструкцияларын жобалау. 1-1-бөлім. Жалпы ережелер және ғимараттар ережелері.

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 Тас конструкцияларын жобалау. 1-1-бөлім. Арматураланған және арматураланбаған тас конструкцияларына жалпы ережелер.

ҚР ҚН EN 1996-1-2:2005/2011 Тас конструкцияларын жобалау. 1-2-бөлім. Отқа төзімділігін анықтаудың жалпы ережесі.

ҚР ҚН EN 1996-2:2006/2011 Тас конструкцияларын жобалау. 2-бөлім. Жобалық шешімдер, материалдарды таңдау және тас конструкцияларын жасау.

ҚР ҚН EN 1996-3:2006/2011 Тас конструкцияларын жобалау. 3-бөлім. Арматураланбаған тас конструкцияларына арналған жеңілдетілген есептеу түрлері.

ҚР СТ EN 206-1-2011 Бетон. 1-бөлім. Техникалық талаптар, көрсеткіштер, өндірісі және сәйкестік.

ҚР СТ EN 771-1-2011 Құрылыс блоктарына қойылатын талаптар. 1-бөлім. Кірпіштер және саз кірпіштер.

ҚР СТ EN 771-2-2011 Құрылыс блоктарына қойылатын талаптар. 2-бөлім. Силикаты құрылыс блоктары.

ҚР СТ EN 771-3-2011 Құрылыс блоктарына қойылатын талаптар. 3-бөлім. Бетоннан жасалған (тығыз және кеуекті толтырғыштарда) құрылыс блоктары.

ҚР СТ EN 771-4-2011 Құрылыс блоктарына қойылатын талаптар. 4-бөлім. Автоклавты ұяшықты бетоннан жасалған құрылыс блоктары.

ҚР СТ EN 771-5-2011 Құрылыс блоктарына қойылатын талаптар. 5-бөлім. Бетонды құрылыс блоктар.

ҚР СТ EN 771-6-2011 Құрылыс блоктарына қойылатын талаптар. 6-бөлім. Табиғи тастан жасалған блоктар.

ҚР СТ EN 845-3-2011 Таспен қалаудың қосымша құрылыс элементтеріне қойылатын талаптар. 3-бөлім. Қалаудың көлденең жігін металл тормен арматуралау.

ҚР СТ EN 846 (2-5-бөлімдер) Тас қалауының қосымша құрамдас бөліктерін сынау әдістері.

ҚР СТ EN 998-1-2011 Таспен қалауға арналған құрылыс ерітіндісіне қойылатын талаптар. 1-бөлім. Сылақ жағуға арналған құрылыс ерітіндісі.

ҚР СТ EN 998-2-2011 Таспен қалауға арналған құрылыс ерітіндісіне қойылатын талаптар. 2-бөлім. Қалау ерітіндісі.

ҚР СТ EN 1052-2-2012 Тас қалауды сынау әдістері. 2-бөлім. Иілу кезінде созылу беріктігін анықтау.

ҚР СТ EN 1052-3-2012 Тас қалауды сынау әдістері. 3-бөлім. Кесуге, жылжытуға (адгезия) бастапқы беріктікті анықтау.

ҚР СТ EN 1052-4-2012 Тас қалауды сынау әдістері. 4-бөлім. Ылғалды окшаулайтын қабат бойынша кесуге (жылжытуға) беріктікті анықтау.

ҚР СТ EN 1052-5-2012 Тас қалауды сынау әдістері. 5-бөлім. Иілу және созылу кезінде ұстасу беріктігін анықтау.

EN 846 (6-14 бөлімдер)* Methods of test for ancillary components for masonry (Тас қалауының қосымша құрамдас бөліктерін сынау әдістері).

EN 1015-11* Methods of test for mortar for masonry - Part 11: Determination of flexural and compressive strength of hardened mortar (Тас қалауына арналған құрылыс ерітінділері. Сынау әдістері. 11-бөлім. Қатып қалған құрылыс ерітіндісін иілу және сығу кезіндегі беріктілік шегін анықтау).

EN 1052-1* Methods of test for masonry. Determination of compressive strength (Тас қалауын сынау әдістері. 1-бөлім. Сығуға беріктікті анықтау).

ЕСКЕРТПЕ Осы мемлекеттік нормативті қолданған кезде сілтеме жасалатын құжаттардың әрекетін жыл сайын ағымдағы жыл жағдайына құрастырылатын ақпараттық «Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс салаларындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізімі», «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар көрсеткіші» және «Мемлекетаралық нормативтік құжаттар көрсеткіші» бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме жасалатын құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативті қолданған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме жасалатын құжат ауыстырылмай өзгертілген болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлімде қолданылады.

* ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы нормативтік-техникалық құралда ҚР ҚН EN 1996–1–2:2005/2011 бойынша терминдер, сонымен қатар тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

3.1 Тас қалауы (masonry): Белгілі бір тәртіпте төселетін және ерітіндіні қолданумен жалғанған тастардан (блоктардан) тұратын конструкция.

3.2 Арматураланбаған тас қалауы (unreinforced masonry): Арматурасыз немесе арматураланған тас конструкцияларды есептеу кезінде белгіленген мөлшерден төмен мөлшерде арматура қосылған қалау.

3.3 Арматураланған тас қалауы (reinforced masonry): Олардың өзара әрекеті арқасында арматураланған тас конструкцияның барлық материалдары бірлесе жұмыс істейтін және әртүрлі әсерлерге кедергі тудыратын, ерітіндіге немесе бетонға бекітілген шыбықтар немесе торлардан тұратын қалау.

3.4 Алдын ала кернелген тас қалауы (prestressed masonry): Алдын ала кернелген арматураның көмегімен біркелкі ішкі сығылатын кернеу туындайтын қалау.

3.5 Тас қалауды байлау (masonry bond): Қалауда тастардың (блоктардың) өзара әрекеттесуге қол жеткізу мақсатында белгілі ережелер бойынша тұрақты ретпен орналасуы.

3.6 Көтергіш қабырға (loadbearing wall): Сығылу кернеулеріне ұшырайтын және тік (мысалы, жабудың уақытша жүктемелері), сондай-ақ көлденең (мысалы, жел) жүктемелерді қабылдауға арналған қабырға.

3.7 Нормативтік (сипаттамалық) беріктік (characteristic strength of masonry): Берілген ықтималдықтағы болжамды шектеусіз бас жиынтықта одан төмен тек сынақ нәтижелерінің 5 % ғана болуы мүмкін тас қалауы беріктігінің мәні. Бұл мән материалдың немесе қалаудың белгілі көрсеткіштері сынақтарының қабылданған статистикалық бөліну фрактилінің 5% сәйкес келеді. Жеке жағдайларда нормативтік беріктік ретінде номиналды беріктік алынады.

3.8 Тас қалаудың сығуға беріктігі (compressive strength of masonry): Сынақтар кезінде, бойлық иілу және жүктеме эксцентриситеті болмаған жағдайда ол арқылы қалаудың стандартты элементіне жүктеме түсірілетін плитаның әсерін ескермеген жағдайдағы тас қалаудағы орталық сығуға беріктігі.

3.9 Тас қалаудың қиюға (жылжуға) беріктігі (shear strength of masonry): Тас қалаудың қиылу (жылжу) күш салу әсері кезіндегі беріктігі.

3.10 Тас қалаудың иілу кезіндегі созылуға беріктігі (flexural strength of masonry): Тас қалаудың таза иілу кезіндегі созылуға беріктігі (иілу моменті).

3.11 Болат арматура (reinforcing steel): Созылу және сығылу күштерін қабылдауға арналған тас конструкцияларда қолданылатын арматура болаттан жасалған сызықты созылған элементтер.

3.12 Көлденең жіктерді арматуралауға арналған арматуралық торлар (арматуралық бұйымдар) (bed joint reinforcement): Қалаудың көлденең жіктеріне төселетін арматура сымнан жасалған торлар, жазық арматуралық қаңқалар.

3.13 Тас қалаудың байланысы (байланыс құрылғысы) (wall tie): Екі қабатты тас қалау қабаттарын жалғауға немесе көтергіш қабырғасы немесе қаңқасы бар бір (соның

ішінде қапталған) қабатты жалғауға арналған тас қалауының элементі, болат шыбық, арматуралық бұйым, полимерлі материалдардан жасалған бұйым.

3.14 Анкер (анкерлік құрылғы), тартқыш (strap): Аражабындар немесе жабын конструкцияларымен тас қалауы элементтерін (қабырғалар, бағандар) жалғауға арналған құрылғы.

4 БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құралда ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 бойынша белгілеулер, сонымен қатар келесі белгілеулер қолданылды:

Латын әріптері

a_x – тіректің жиегінен қарастырылып отырған қимаға дейінгі арақашықтық;
 A – қабырғаның көлденең қимасының жалпы ауданы;
 A_s – сығылған немесе созылған бойлық арматураның көлденең қимасының ауданы;
 A_{sw} – арматураның көлденең қимасының ауданы;
 b – ені (көлденең қимасының ені);
 b_c – бекіткіштер (тіреулер) арасындағы учаске ортасындағы көлденең қимасының сығылған бөлігі ауданының ені;
 b_{ef} – қоставрлы қима сөрелерінің тиімді ені;
 b_{eff} – L-тәрізді көлденең қима сөресінің тиімді ені;
 b_{eft} – T- тәрізді көлденең қима сөресінің тиімді ені;
 c_{nom} – бетонның қорғаныш қабатының номиналды қалыңдығы;
 d – көлденең қиманың жұмысшы биіктігі;
 E – тас қалаудың қысқа мерзімді серпімділік модулі қиюшы модуль ретінде;
 $E_{longterm}$ – жүктеменің ұзақ әсері кезінде тас қалаудың серпімділік модулі;
 f_b – жүктеме бағытында тастың келтірілген (қалыпқа түсірілген) сығылу кедергісі;
 f_{bod} – арматуралық болаттың бетонмен ұстасуының есептік кернеуі;
 f_{bok} – арматураның бетонмен ұстасуының нормативтік кернеуі;
 f_{ck} – толтыру бетонының осьтік нормативтік сығылу кедергісі;
 f_{cvk} – толтыру бетонының қиылуға (жылжуға) нормативтік кедергісі;
 f_d – тас қалаудың есептік сығылу кедергісі;
 f_k – тас қалаудың нормативтік сығылу кедергісі;
 f_m – қалау ерітіндісінің сығылу беріктігі;
 f_{vd} – тас қалаудың қиылуға (жылжуға) есептік кедергісі;
 f_{vk} – тас қалаудың қиылуға (жылжуға) нормативтік кедергісі;
 f_{vk0} – тас қалаудың қиылуға (жылжуға) бастапқы нормативтік кедергісі (сығатын жүктеме болмаған жағдайда);
 f_{xd} – иілудің тиісті бағытында иілу кезінде есептік созылу кедергі;
 f_{xd1} – көлденең жікке параллель жазықтықта (байланбаған қима бойынша) тас қалаудың иілуі кезіндегі есептік созылу кедергісі;
 f_{xk1} – көлденең жікке параллель жазықтықта (байланбаған қима бойынша) тас қалаудың иілуі кезіндегі нормативтік созылу кедергісі;

f_{xd2} – көлденең жікке перпендикуляр жазықтықта (байланған қима бойынша) тас қалаудың иілуі кезіндегі есептік созылу кедергісі;
 $f_{xd2,app}$ – көлденең жікке перпендикуляр жазықтықта (байланған қима бойынша) тас қалаудың иілуі кезіндегі жоғары есептік созылу кедергісі;
 f_{xk2} – көлденең жікке перпендикуляр жазықтықта (байланған қима бойынша) тас қалаудың иілуі кезіндегі нормативтік созылу кедергісі;
 f_{yd} – кернелмейтін арматураның есептік кедергісі;
 f_{yk} – кернелмейтін арматураның нормативтік кедергісі;
 G – тас қалауының жылжу модулі;
 h – қабырға бойымен көрінетін биіктігі;
 h_{ef} – қабырғаның есептік (тиімді) биіктігі;
 K – тас қалаудың сығылу кедергісін есептеуде қолданылатын коэффициент;
 l – қабырға бөлігінің ұзындығы (көлденең қабырғалар арасында, көлденең қабырға және қуыс арасында немесе қуыстар арасында);
 l_b – арматура анкерлеу аймағының ұзындығы;
 l_{cl} – аралықтағы ойықтың өлшемі;
 l_{ef} – конструкция элементінің есептік (тиімді) аралығы;
 l_r – қабырғаның бүйірлік қатты бекіткіштері арасындағы көрінетін қашықтық;
 M_{ad} – қосымша есептік иілу моменті;
 M_{Rd} – иілген кездегі қима беріктігі;
 M_{Ed} – қолданыстағы иілу моментінің есептік мәні;
 N – ғимаратқа тік әсерлердің жиынтығы;
 N_{Rd} – бойлық күштің әсерінен қалаудан жасалған қабырға немесе бағананың есептік қимасының беріктігі;
 N_{Ed} – қолданыстағы тік жүктеменің есептік мәні;
 s – кесілуге (жылжуға) жұмыс істейтін көлденең арматура шыбықтары арасындағы арақашықтық;
 t – қабырға қалыңдығы;
 t_i – i -ші қабырға қалыңдығы;
 t_{ef} – қабырғаның тиімді қалыңдығы;
 t_f – сөре қалыңдығы (қоставрлы, таврлы және L-тәрізді көлденең қима элементтерінде);
 t_{ri} – i -ші жауырындық қабырға ені;
 V_{Ed} – түсетін жүктемелер және күштерден көлденең күштің есептік мәні;
 V_{Rd} – көлденең күш әсері кезінде қалау қабырғаның есептік қимасының беріктігі;
 w_i – біркелкі бөлінген i жүктеме шамасының есептік мәні;
 x – қиманың сығылған аймағының биіктігі;
 z – иілу моменті немесе орталықтан тыс сығу әсері кезінде арматураланған тас элементі қимасындағы күштердің ішкі жұбының иіні;

Грек әріптері

α – бойлық шыбық осіне, қиылуға (жылжуға) жұмыс істейтін көлденең арматураның көлбеу бұрышы;
 α_t – тас қалаудың температуралық деформация коэффициенті;

$\alpha_{1,2}$ – иілу моментінің коэффициенті;

β – жапырылуға (жергілікті сығылу) есептеген кездегі бет бөлігіне жүктемелер кезіндегі жоғарлаушы коэффициент;

χ – арматураланған қабырғаларды кесу (жылжыту) кезіндегі қалау беріктігінің жоғарлаушы коэффициенті;

σ – тастардың (блоктардың) сығылуға нормаланған орташа беріктігін анықтау үшін қолданылатын пішін коэффициенті;

ε_{mu} – тас қалаудың сығылу кезіндегі салыстырмалы деформациясының шекті мәні;

ε_{sy} – арматуралық болаттың аққыштық шегіне тең кернеу кезіндегі арматураның салыстырмалы деформациясы;

ϕ – болат арматураның тиімді диаметрі;

Φ_{∞} – тас қалауы үшін жылжу коэффициентінің шекті мәні;

Φ – азайту коэффициенті;

Φ_1 – бастиекте немесе қабырға негізінде иілгіштіктің азаю коэффициенті;

Φ_m – қабырға биіктігінің ортасындағы иілгіштіктің азаю коэффициенті;

γ_M – модель қателіктерін және шаманың ауытқуын ескере отырып, конструкция элементінің көрсеткіші үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті;

η – беріктік бойынша шекті күйдегі қаттылықтың төмендеуін ескере отырып, қабырға қималарындағы моменттерді есептеген кездегі моментті азайту коэффициенті;

λ_x – кернеудің тікбұрышты эпюрасын қолданған кездегі арқалық қимасының сығылған бөлігінің биіктігі;

μ – екі ортогоналды бағыттарда моменттердің әсері кезінде иілу беріктігін есептеген кездегі тас қалау беріктігі қатынасының коэффициенті;

ρ_d – құрғақ күйдегі тығыздығы.

σ_d – сығудың есептік кернеуі;

5 МАТЕРИАЛДАР

5.1 Құрылыс тастары және блоктары

5.1.1 Тас конструкцияларын дайындау үшін тастар мен блоктардың келесі түрлерін қолдану қажет:

- ҚР СТ EN 771-1 сәйкес керамикалық кірпіш және блоктар,
- ҚР СТ EN 771-2 сәйкес силикаты кірпіш және блоктар,
- ҚР СТ EN 771-3 сәйкес тығыз және кеуекті толтырғыштары бар бетоннан жасалған блоктар,
- ҚР СТ EN 771-4 сәйкес ұяшықты бетоннан жасалған блоктар,
- ҚР СТ EN 771-5 сәйкес зауытта шығарылған бетонды блоктар,
- ҚР СТ EN 771-6 сәйкес табиғи тастан жасалған блоктар.

5.1.2 Қуыстардың көлеміне тәуелді тастар мен блоктарды 1, 2, 3 және 4-топтарға жіктеледі (5.1-кесте). Ұяшықты бетоннан жасалған блоктар, бетонды блоктар және табиғи тастан жасалған блоктар 1-топқа жатады. Есептік параметрлерді анықтаған кезде өндіруші белгілейтін және ҚР СТ EN 772-1 бойынша есептелінетін тастарды және блоктарды

сығылуға келтірілген беріктікті (қалыпқа келтірілген) f_b қолдану қажет. Қайта есептеуді блоктар өлшемдерінің вариациясына тәуелді коэффициенті қолданумен жүргізеді.

**5.1-кесте – Тастар мен блоктарды жіктеуге қойылатын геометриялық талаптар
(ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 3.1.1(4)-т.)**


	Тас немесе блоктың материалы және жіктеу шектері				
	1-топ (барлық тастар мен блоктар)	Тас немесе блоктың түрі	2-топ	3-топ	4-топ
			Тік қуыстардың көлемі		Көлденең қуыстардың көлемі
Қуыстардың жалпы көлемі (тас немесе блок көлеміне пайызбен)	≤ 25	Кірпіш	$> 25; \leq 55$	$\geq 25; \leq 70$	$> 25; \leq 70$
		Силикат-ты блок	$> 25; \leq 55$	Қолданылмайды	Қолданылмайды
		Бетон ^{b)}	$> 25; \leq 60$	$> 25; \leq 70$	$> 25; \leq 50$
Жеке қуыстардың көлемі (тас немесе блок көлеміне пайызбен)	$\leq 12,5$	Кірпіш	Қуыстардың әрқайсысы ≤ 2 ; блокты ұстауға арналған қуыстар 12,5 дейін	Қуыстардың әрқайсысы ≤ 2 ; блокты ұстауға арналған қуыстар 12,5 дейін	Қуыстардың әрқайсысы ≤ 30
		Силикат-ты блок	Қуыстардың әрқайсысы ≤ 15 ; блокты ұстауға арналған қуыстар 30 дейін	Қолданылмайды	Қолданылмайды
		Бетон ^{b)}	Қуыстардың әрқайсысы ≤ 30 ; блокты ұстауға арналған қуыстар 30 дейін	Қуыстардың әрқайсысы ≤ 30 ; блокты ұстауға арналған қуыстар 30 дейін	Қуыстардың әрқайсысы ≤ 25

**5.1-кесте – Тастар мен блоктарды жіктеуге қойылатын геометриялық талаптар
(ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 3.1.1(4)-т.) (жалғасы)**

	Тас немесе блоктың материалы және жіктеу шектері							
	1-топ (барлық тастар мен блоктар)	Тас немесе блоктың түрі	2-топ		3-топ		4-топ	
			Тік қуыстардың көлемі				Көлденең қуыстардың көлемі	
Сыртқы және ішкі қабырғалар қалыңдығының белгіленген мәні (мм)	Нормаланбайды		Ішкі қабырға	Сыртқы қабырға	Ішкі қабырға	Сыртқы қабырға	Ішкі қабырға	Сыртқы қабырға
		Кірпіш	≥ 5	≥ 8	≥ 3	≥ 6	≥ 5	≥ 6
		Силикатты блок	≥ 5	≥ 10	Қолданылмайды		Қолданылмайды	
		Бетон ^{b)}	≥ 15	≥ 18	≥ 15	≥ 15	≥ 20	≥ 20
Сыртқы және ішкі қабырғалардың жалпы қалыңдығының белгіленген мәні ^{a)} (блок еніне пайызбен)	Нормаланбайды	Кірпіш	≥ 16		≥ 12		≥ 12	
		Силикатты блок	≥20		Қолданылмайды		Қолданылмайды	
		Бетон ^{b)}	≥ 18		≥ 15		≥ 45	
<div>^{a)} Қабырғалардың жалпы қалыңдығы көлденеңінен өлшенген және негізгі бағытта қосылған сыртқы және ішкі қабырғалардың қалыңдығы болып табылады.</div> <div>^{b)} Қисайған қуыстарда немесе қимасы сопақша немесе дөңгелек пішімді қуыстар кезінде қабырғалар қалыңдығының орташа мәнін қолданады.</div>								

5.1.3 Көлденең ерітінді жіктерде қалауды торлармен арматуралаған кезде тегіс бүкқалау бетті тастар мен блоктар қолданылады. Диаметрі көлденең ерітінді жіктерінің қалыңдығынан жоғары шыбықтармен арматуралаған кезде жоғары бүкқалауларда жыралары бар тастар мен блоктарды қолдану қажет (11-бөлімді қараңыз).

5.1.4 Қабырғаларды тік (бойлай) арматуралаған кезде арматураны төсеуге арналған тік каналдарды қалаудың көлденең қатарларын тиісті байлау арқылы (осы Құралдың Б Қосымшасын қараңыз) немесе тік каналдары бар арнайы тастар мен блоктарды қолдану арқылы салуға болады (5.1-сурет) [3].



1 –тік арматура, 2 – қалау ерітіндісі немесе толтыруға арналған бетон

5.1-сурет – Дірілмен сығымдалған қуысты бетон блоктар (а), тік каналдары бар жоғары қуысты керамикалық блоктар (б) және тік арматураны төсеуге арналған қуысты керамикалық тастар (в) [3]

5.2 Қалау ерітінділері

5.2.1 Тас конструкцияларды тұрғызу үшін көлемдік массасы 1500 кг/м^3 артық қарапайым ерітінділерді, көлемдік массасы 1500 кг/м^3 кем жеңіл ерітінділерді және қалыңдығы 0,5мм бастап 3 мм дейін жұқа жіктерге арналған желім ерітінділерді қолдану қажет. Зауытта дайындалған ерітінділер және зауытта дайындалған құрғақ ерітінді қоспалары ҚР СТ EN 998-2 сәйкес келуі тиіс. Құрылыс салу ерітінділері ҚР ҚН EN 1996-2:2006/2011 сәйкес келуі тиіс.

5.2.2 Жалпы арнауудағы қалау ерітінділері ҚР СТ EN 998-2 сәйкес рецептура бойынша жазылған ерітінді немесе ҚР СТ EN 998-2 сәйкес жарамдылықты бағалау бойынша ерітінділер болуы мүмкін. Жұқа қабатпен төселетін ерітінділер және жеңіл ерітінділер ҚР СТ EN 998-2 сәйкес жарамдылықты бағалау бойынша ерітінділер болуы тиіс.

5.2.3 Қалау ерітіндісінің сығылу беріктігі f_m EN 1015-11 сәйкес анықталады. Арматураланған тас қалауы үшін ерітіндінің сығылудың минималды беріктігі 4 МПа және көлденең жіктері жанама арматураланған тас қалауы үшін 2 МПа кем емес болуы тиіс.

5.3 Тас қалау

5.3.1 Тас қалауының сығылудағы нормативті кедергісі f_k EN 1052-1 сәйкес оны сынау нәтижелері бойынша немесе ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 3.6.1.2(2)-т. келтірілген келесі формулалар бойынша анықталады:

– қарапайым және жеңіл ерітіндіні қолданумен тас қалауы үшін

$$f_k = K \cdot f_b^{0,7} \cdot f_m^{0,3}; \quad (5.1)$$

– қалыңдығы 0,5 мм бастап 3 мм дейін жұқа қабатпен төселетін ерітіндіні қолданумен тас қалауы және 1 және 4-топтардың керамикалық кірпіші, силикатты блоктар немесе ұяшықты бетоннан жасалған блоктар үшін

$$f_k = K \cdot f_b^{0,85}; \quad (5.2)$$

– қалыңдығы 0,5 мм бастап 3 мм дейін жұқа қабатпен төселетін ерітіндіні қолданумен тас қалауы және 1 және 4-топтардың керамикалық кірпіші, силикатты блоктар, бетонды блоктар немесе ұяшықты бетоннан жасалған блоктар үшін

$$f_k = K \cdot f_b^{0,7}; \quad (5.3)$$

мұндағы f_b – тастың (блоқтың) сығылуда келтірілген (қалыпқа келтірілген) кедергісі, МПа;

f_m – қалау ерітіндісінің сығылу беріктігі, МПа;

K – келесі талаптарды орындаған жағдайда осы Құралдың 5.2-кестесі бойынша қолданылатын коэффициент:

- тас қалауы ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 сәйкес орындалған;
- барлық жіктер ерітіндімен толық толтырылған ретінде саналады;
- жалпы арнаудағы ерітіндіні қолданған кезде f_b 75 МПа аспауы тиіс;
- жұқа қабатпен төселетін ерітіндіні қолданған кезде f_b 50 МПа аспауы тиіс;
- жалпы арнаудағы ерітіндіні қолданған кезде f_m 20 МПа немесе $2f_b$ аспауы тиіс;
- жеңіл ерітіндіні қолданған кезде f_m 10 МПа аспауы тиіс;
- тас қалауынан жасалған қабырға қалыңдығы тастың немесе блоктың еніне немесе ұзындығына сәйкес келеді, яғни қабырғалардың параллель жазықтығында ерітінділі жігі болмайды;
- тас немесе блок беріктігі вариациясының коэффициенті 25 % аспайды.

5.3.2 Қабырғаның немесе оның бөліктерінің бүкіл ұзындығымен өтетін қабырға параллель жазықтығының ерітінді жіктері бар жалпы арнаудағы ерітіндідегі қабырғаның көп қатарлы тас қалауы үшін (қалыңдығы тас немесе блок өлшемінен үлкен) 5.2-кестедегі K мәндерін 0,8 коэффициентіне көбейту қажет.

**5.2-кесте – Тас қалауына арналған K коэффициентінің мәндері
(ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 3.6.1.2(2)-т.)**

Тас немесе блоктың түрі		Жалпы арнаудағы ерітінді	Жұқа қабатпен төселетін ерітінді (көлденең жіктің қалыңдығы 0,5 мм бастап 3 мм дейін)	Жеңіл ерітінді, құрғақ күйінде тығыздығы	
				$600 \leq \rho_d \leq 800 \text{ кг/м}^3$	$800 < \rho_d \leq 1500 \text{ кг/м}^3$
Кірпіш	1-топ	0,55	0,75	0,30	0,40
	2-топ	0,45	0,70	0,25	0,30
	3-топ	0,35	0,50	0,20	0,25
	4-топ	0,35	0,35	0,20	0,25
Силикатты блок	1-топ	0,55	0,80	*	*
	2-топ	0,45	0,65	*	*
Бетонды блок	1-топ	0,55	0,80	0,45	0,45
	2-топ	0,45	0,65	0,45	0,45
	3-топ	0,40	0,50	*	*
	4-топ	0,35	*	*	*
Ұяшықты бетоннан жасалған блок	1-топ	0,55	0,80	0,45	0,45
Зауытта дайындалған бетонды блок	1-топ	0,45	0,75	*	*
Табиғи тастан жасалған блок	1-топ	0,45	*	*	*
* Мәндері жоқ, себебі тас (блок) пен ерітіндінің мұндай үйлесімі қолданылмайды.					

5.3.3 [3.7.2] Арматураланбаған тас қалауының қысқа мерзімді серпімділік модулі E иілгіштік модулі болып табылады және сынақтар процесінде EN 1052-1 сәйкес анықталады. Жылжығыштық деформациясын ескере отырып, жүктеме ұзақ уақыт әсер еткен кездегі тас қалауының серпімділік модулі ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 (3.8) Формула бойынша анықталады:

$$E_{\text{longterm}} = \frac{E}{1 + \Phi_{\infty}}, \quad (5.4)$$

мұндағы Φ_{∞} – тас қалауы үшін жылжығыштық коэффициентінің шекті мәні.

5.3.4 [3.7.4] Тас қалауы үшін жылжығыштық коэффициентінің шекті мәні Φ_{∞} , ұзақ уақыт ісіну немесе отыру деформациясы шамасының соңғы мәні, тас қалауының температуралық деформация коэффициенті α сынақтар әдісімен анықталады. Көрсетілген деформациялар мәндерінің бағдарлаушы диапазондары 5.3-кестеде келтірілген. Олардың нақты сандық мәндері ұлттық қосымшада белгіленеді.

5.3.5 Тас қалауының ығысу модулінің G шамасын серпімділік модулі E мәнінің 40 % тең деп қабылдауға болады.

5.3-кесте – Тас қалауының жылжығыштық, ісіну немесе отыру және температуралық деформация параметрлері (ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 3.7.4-т.)

Тас немесе блоктың түрі		Жылжығыштық коэффициентінің Φ_{∞} шекті мәні	Ісіну және отырудың шекті мәні мм/м	Температуралық деформация коэффициенті α , $10^{-6}/K$
Кірпіш		0,5 бастап 1,5 дейін	(-0,2) бастап (+1,0) дейін	4 бастап 8 дейін
Силикатты блок		1,0 бастап 2,0 дейін	(-0,4) бастап (-0,1) дейін	7 бастап 11 дейін
Бетонды блоктар және зауытта шығарылған бетонды блоктар		1,0 бастап 2,0 дейін	(-0,6) бастап (-0,1) дейін	6 бастап 12 дейін
Жеңіл бетоннан жасалған блоктар		1,0 бастап 3,0 дейін	(-1,0) бастап (-0,2) дейін	6 бастап 12 дейін
Ұяшықты бетоннан жасалған блоктар		0,5 бастап 1,5 дейін	(-0,4) бастап (+0,2) дейін	7 бастап 9 дейін
Табиғи тастан жасалған блоктар	Магмалық жыныстар	-	(-0,4) бастап (+0,7) дейін	5 бастап 9 дейін
	Шөгінді жыныстар			2 бастап 7 дейін
	Метаморфиялық жыныстар			1 бастап 18 дейін

5.3.6 Тас қалаудың көлденең жіктерін арматуралауды беріктігі бойынша тас пен ерітінді маркаларын жоғарлату қалаудың талап етілетін көтергіш қабілетін қамтамасыз етпеген жағдайда, ал конструкцияның көлденең кимасының ауданын арттыру тиімсіз немесе мүмкін емес болған жағдайларда қолдану қажет. Арматуралық қаңқалар, торлар және дара шыбықтар түрінде конструктивті көлденең арматуралауды қалаудың жеке бөліктері – аралық қабырғалар, бағандар, қабырғалардың қиылыстары, ғимараттар бұрыштары үшін, қалауда арматураланған белдіктерді салу және т.б. үшін қолдану ұсынылады (осы құралдың А қосымшасын қараңыз).

5.3.7 Тас қалаудың тік (бойлық) жіктерін арматуралауды тас пен ерітінді маркаларын жоғарлату сығылу және иіле сығуға ғана жұмыс істейтін конструкциялардағы қалаудың талап етілетін көтергіш қабілетін қамтамасыз етпеген жағдайларда қолдану қажет. Қалауды конструктивті бойлық арматуралауды қалаудың жеке бөліктері – аралық қабырғалар, бағандар, терезе және есік ойықтарының контурлары, қабырғалардың

қиылыстары, ғимараттар бұрыштары және т.б. үшін қолдану ұсынылады (осы құралдың Б Қосымшасын қараңыз).


5.3.8 Аралас (бір уақытта көлденең және тік) арматуралауды қалау күрделі кернелген күйде жұмыс істеген кезде немесе сейсмикалық әсерлерге бейім болған жағдайларда қолдану қажет (осы құралдың В Қосымшасын қараңыз).

5.4 Арматура

5.4.1 [6.3.9] Тас қалауды арматуралау үшін тегіс немесе периодтық профильді пісірілген құрылымды немесе тоттанбайтын болатты (жақсы тіркесу үшін) қолдану қажет. Күш түспейтін арматураның нормативтік кедергісі f_{yk} ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 талаптарына сәйкес келуі тиіс. Болатты сызықты температуралық ұлғаю коэффициенті $12 \times 10^{-6} K^{-1}$ тең деп алынады.

5.4.2 ҚР СТ EN 845-3 жіктеуіне сәйкес тас қалаудың көлденең жіктерін арматуралау үшін ҚР СТ EN 846 (2-5-бөлімдер) және EN 846 (6-14-бөлімдер) стандарттары блоктарының талаптарына сәйкес белгіленген анықталған параметрлермен сипатталатын арматуралық бұйымдардың келесі түрлерін қолдану қажет:


- көлденең шыбықтармен (5.2а-сурет) немесе бұрышпен үздіксіз орналасқан шыбықтармен (5.2б-сурет) дәнекерленген бойлық шыбықтардан тұратын болат сымнан жасалған дәнекерлеу торлары;
- бойлық шыбықтарды көлденең сымды шыбықтармен кезектесе құрсату арқылы дайындалатын тоқылған болат торлар (5.2в-сурет);
- алдын ала белгілі бір тәртіпте кесіктер салынған табақты болатты созу арқылы алынатын жарып созылған торлар (5.2г-сурет).



а, б) – дәнекерлеу торлары, в) – тоқылған тор, г) – жарып созылған тор

5.2-сурет – Тас қалаудың көлденең жіктерін арматуралау үшін қолданылатын арматура бұйымдар

5.4.3 Еуропалық тәжірибеде өз пішімінің арқасында қалау ерітіндісімен жоғары ұстасатын болат тесік жолақшалар (5.3-сурет) немесе шиыршық түріндегі шыбықтар (5.4-сурет) түрінде арматуралау перспективті болып табылады.



5.3-сурет – Болат тесік жолақшалардан жасалған арматура [27]



5.4-сурет – Шиыршық шыбықтар түріндегі арматура бөлігі [15,20]

5.4.4 [3.5(2)] Алдын ала кернелген қабырғалар үшін болаттың механикалық көрсеткіштерін ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес алу қажет. Алдын ала кернелген элементтер үшін мырышпен қапталған болат құрамы мырышпен қаптау процесі оған кері әсер етпейтіндей түрде болуы тиіс.

5.4.5 [6.3.10(3)] Арматуралық болаттың түрін және оның минималды коррозияға қарсы қорғанышын тиісті қолдану орны үшін қоршаған орта класын ескере отырып, таңдау қажет. Арматуралық болатты таңдау жөніндегі ұсыныстар 5.4-кестеде берілген:

5.4-кесте – Төзімділікті қамтамасыз ету үшін арматуралық болатты таңдау
[ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 Ұлттық қосымша]


Қоршаған орта класы ^{a)}	Арматуралық болаттың минималды қорғанышы	
	Ерітіндімен бітеу	(4) сәйкес талап етілетіннен аз қалыңдықтағы бетон жабынмен бетонмен бітеу
MX1	Қорғалмаған қосындыланбаған болат ^{b)}	Қорғалмаған қосындыланбаған болат
MX2	Мырыш қабаты қалыңдатылған немесе тең қорғаныш жабынды қосындыланбаған болат ^{c)}	Қорғалмаған қосындыланбаған болат немесе қуыстарды ерітіндімен толтырған кезде мырыш қабаты қалыңдатылған немесе тең қорғаныш жабынды қосындыланбаған болат
	Жүктемеге ұшырайтын жағында тегістеме қабаты бар тас қалаудағы қорғалмаған қосындыланбаған болат ^{d)}	

**5.4-кесте – Төзімділікті қамтамасыз ету үшін арматуралық болатты таңдау
[ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 Ұлттық қосымша] (жалғасы)**

Қоршаған орта класы ^{a)}	Арматуралық болаттың минималды қорғанышы	
	Ерітіндімен бітеу	(4) сәйкес талап етілетіннен аз қалыңдықтағы бетон жабынмен бетонмен бітеу
MX4	Аустениттік тоттанбайтын болат AISI 316 Мырыш қабаты қалыңдатылған немесе жүктемеге ұшырайтын жағында тегістеме қабаты ^{d)} бар тең қорғаныш жабынды ^{b)} қосындыланбаған болат	Аустениттік тоттанбайтын болат AISI 316
MX5	Аустениттік тоттанбайтын болат AISI 316 немесе 304 ^{e)}	Аустениттік тоттанбайтын болат AISI 316 немесе 304 ^{e)}
<p>^{a)} ҚР ҚН EN 1996-2:2006/2011 қараңыз.</p> <p>^{b)} Ылғалдандыру мүмкіндігі бар көп қабатты сыртқы қабырғалардың ішкі қабаты үшін ^{c)} сипатталғандай мырыш қабаты қалыңдатылған немесе тең қорғаныш жабынды конструкциялық болат қолданылады.</p> <p>^{c)} Қосындыланбаған болатты салмағы 900 г/м² кем емес қабатпен мырыштайды немесе салмағы 60 г/м² мырышпен және қалыңдығы 80 мкм кем емес және орташа мәні 100 мкм эоксидті шайырдан жасалған берік жабынмен жабады.</p> <p>^{d)} Жалпы арнаудағы ерітінді немесе сығылу беріктігі М4 класының жұқа қабатымен төселетін ерітінді қолданылады. Бүйірлік ерітінді жабынның қалыңдығын 30 мм дейін арттырады және тас қалауды ҚР СТ EN 998-1 сәйкес ерітіндімен тегістейді.</p> <p>^{e)} Объектіні жобалаған кезде аустениттік тоттанбайтын болат агрессивті ортада қолданылмайтындығын ескеру қажет.</p>		


5.4.6 0,3 мм бастап 3 мм дейін жұқа ерітінді жіктерде қалау үшін ең жақсысы еуропалық тәжірибеде кеңінен қолданылатын композициялық материалдардан жасалған торлар болып табылады (5.5-сурет).

5.4.7 Тас қабырғалардың беттерін арматуралау үшін еуропалық тәжірибеде шыныталшықтардан және көміртекталшықтардан жасалған торлар кең қолданыс тапты (5.6-сурет). (0,1 – 0,2) мм қалыңдықтағы мұндай торлар болат арматураның беріктігінен бірнеше есе жоғары беріктілікке ие. Оларды тас қалауға бекіту түрлендірілген полимерлі қоспалары бар бейорганикалық минералды материалдардан жасалған қалыңдығы (5 - 8) мм арнайы тегістеме ерітінділерінде жүргізіледі. Осылай арматуралаудың ең жақсы нәтижесіне сейсмикалық әсерлерге бейімделген тас ғимараттар құрылысы кезінде қол жеткізіледі (осы құралдың Д қосымшасын қараңыз).



5.5-сурет – Жұқа көлденең ерітінді жіктерді арматуралауға арналған композициялық материалдардан жасалған арматуралық торлар [27,30]

а)



б)



5.6-сурет – Тас қабырғалардың беттерін арматуралауға арналған композициялық материалдардан жасалған Ruredil XMech 10 (а) және Ruregold Muratura XR (б) арматуралық торлары [37]

5.5 Толтыруға арналған бетон

Арматура және тас қалау арасындағы кеңістікті толтыруға арналған бетонның беріктік көрсеткіштерін бетон үлгілерінің сынақтары негізінде анықтау қажет. Тәжірибелік мәліметтер болмаған жағдайда толтыруға арналған бетонның осьтік сығылуға f_{ck} және қиылуға (жылжуға) f_{cvk} нормативтік кедергісінің мәнін 5.5-кесте бойынша қабылдау қажет.

5.5-кесте – ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 сәйкес толтыруға арналған бетон жылжуының нормативтік кедергілері

Бетон беріктігінің класы	C12/15	C16/20	C20/25	C25/30 және одан жоғары
f_{ck} , Н/мм ²	12	16	20	25
f_{cvk} , Н/мм ²	0,27	0,33	0,39	0,45

5.6 Арматураның толтырумен ұстасуы

5.6.1 [3.6.4(5)] Көлденең жіктерде арматуралық торларды (жазық қаңқаларды) қолданған кезде ұстасудың нормативтік беріктігін ҚР СТ EN 846-2 сәйкес сынақтар процесінде анықтау қажет немесе есептеуге тек бойлық шыбықтардың ұстасу беріктігін ғана алу қажет.

5.6.2 [3.6.4(3)] Қимасының өлшемдері 150 мм кем емес бетон элементтерінде немесе тас қалаумен қоршалған арматура орналасқан бетон элементте арматураның бетонмен ұстасу сынақтарының нәтижелері болмаған жағдайда ұстасудың нормативтік кернеу f_{bok} мәні (арматуралық шыбық беті ауданының МПа) 5.6-кесте бойынша алынады.

5.6.3 [3.6.4(4)] Қимасының өлшемдері 150 мм кем бетон элементтерінде (немесе ерітінді қабаттарда) немесе тас қалаумен қоршалмаған арматура орналасқан бетон элементте арматураның бетонмен ұстасу сынақтарының нәтижелері болмаған жағдайда ұстасудың нормативтік кернеу f_{bok} мәні (арматуралық шыбық беті ауданының МПа) 5.7-кесте бойынша алынады.

5.6-кесте – Тас қалаумен қоршалған элементтерде арматураның бетонмен ұстасуының нормативтік кернеуі [ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011]

f_{bok} периодты профильді арматура және тоттанбайтын болаттан жасалған бұйымдар үшін, Н/мм ²	f_{bok} тегіс конструкциялық болат үшін, Н/мм ²	Бетонның сығылу беріктігінің класы
2,4	1,3	C12/15
3,0	1,5	C16/20
3,4	1,6	C20/25
4,1	1,8	C25/30 және одан жоғары


5.7-кесте – Тас қалаумен қоршалмаған элементтерде арматураның бетонмен және ерітіндімен ұстасуының нормативтік кернеуі [ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011]

f_{bok} периодты профильді арматура және тоттанбайтын болаттан жасалған бұйымдар үшін, Н/мм ²	f_{bok} тегіс конструкциялық болат үшін, Н/мм ²	Сығылу беріктігі	
		бетон	ерітінді
0,5	0,5	Қолданылмайды	M2 – M5
1,0	0,7	C12/15	M5 – M9
1,5	1,2	C16/20	M10 – M14
2,0	1,4	C20/25	M15 – M19
3,4	1,4	C25/30 және одан жоғары	M20

6 ҚАБЫРҒАЛАРДЫ ИЛҮ КЕЗІНДЕ ЕСЕПТЕУ

6.1 Есептік модельдер

6.1.1 Қабырғалар жазықтығында иілуге рандарқалықтар немесе армобелдіктер арқылы темірбетон немесе болат ұстындарға, тас бағандарға немесе маңдайшаларға сүйенетін олардың бөліктерінде жұмыс істейді (6.1-сурет).




6.1-сурет – Темірбетон немесе болат ұстындарға (а), тас бағандарға (b) және маңдайшаларға (с) сүйенетін тас қабырға бөліктері

6.1.2 Тігінен жүктелген арматураланған арқалықтарға қуыс аралығының қуыс астындағы қабырғаның бүкіл ұзындығына қатынасы l_{cl}/h 2 артық болатын қабырғалардың бөліктері жатады. Төмен қатынастар кезінде қабырғалардың қарастырылып отырған бөліктерінің есептік моделі биік арқалықтар (арқалық-қабырғалар) болып табылады.

6.1.3 [5.5.2.2(1)] Биік Арқалықтардан (маңдайшалар, арқалық-қабырғалар) басқа бір аралықты және кесілмеген Арқалықтардың есептік (тиімді) аралығын l_{ef} екі мәндердің аз мәнін алуға болады (6.2-сурет):

- тірек осьтері арасындағы арақашықтық;
- тіректер арасындағы көрінетін қашықтық плюс көлденең қиманың жұмысшы биіктігі d .



1 - арматура;


2 - $t_1/2$ немесе $d/2$ (екі мәндердің аз мәні қолданылады);

3 - $t_2/2$ немесе $d/2$ (екі мәндердің аз мәні қолданылады).

6.2-сурет – Бір аралықты немесе кесілмеген арқалықтың есептік (тиімді) аралығы [ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011]

6.1.4 [5.5.2.2(2)] Консольдің есептік (тиімді) ұзындығына l_{ef} келесі екі мәндердің аз мәнін қабылдауға болады (6.3-сурет):

- консольдің шетжағы мен тірек осі арасындағы арақашықтық;
- консольдің шетжағы мен тірек жиегі арасындағы арақашықтық плюс көлденең қиманың жұмысшы биіктігінің жартысы d .




1 - арматура;

2 - $t/2$ немесе $d/2$; екі мәндердің аз мәні қолданылады

6.3-сурет – Консольдің есептік (тиімді) ұзындығы [ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011]


6.1.5 [5.5.2.3(1)] Тас қалаудан жасалған маңдайша, арқалық-қабырғаның есептік (тиімді) аралығы l_{ef} , $l_{ef} = 1,15l_{cl}$ ретінде анықтауға болады, мұндағы l_{cl} – аралықтағы ойықтың өлшемі (6.4-сурет).



1 – арматура

6.4-сурет – Тас қалаудан жасалған маңдайшаның есептік моделі [ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011]

Арматураланған тас маңдайшаның мысалы 6.5-суретте келтірілген.



1 – бойлық созылған арматура, 2 - көлденең арматура

6.5-сурет – Иілетін тас маңдайшаларды арматуралау [3]


6.1.6 [5.5.2.5(1)] Тас қалаудың арматураланған элементінің аралығын 6.1-кестеге сәйкес шектеу қажет.

6.1-кесте – Есептік (тиімді) аралықтың иілетін арқалықтар мен маңдайшалардың (арқалық-қабырғалардың) жұмысшы биіктігіне қатынасының максималды шекті мәндері [ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011]

	Тиімді аралықтың пайдалы биіктікке, l_{ef}/d , немесе тиімді қалыңдығына, l_{ef}/t_{ef} қатынасы	
	Маңдайшалар (арқалықтар-қабырғалар)	Арқалықтар
Бір аралықты	35	20
Кесілмеген	45	26
Екі осьті кернелген күйде	45	–
Консоль	18	7
ЕСКРЕТПЕ Тек жел жүктемелері әсеріндегі ғимараттардың бөлігі болып табылмайтын жеке тұрған қабырғалар үшін егер бұл қабырғаларда деформация салдарынан бүлінуі мүмкін тегістеме болмаса, қабырғаларға көрсетілген қатынастар мәндерді 30 % арттыруға болады.		


6.1.7 [5.5.2.3(2)] Маңдайшаға (арқалық-қабырғаға) жүктемелерді анықтаған кезде ені аралықтағы ойықтың өлшемі тең және биіктігі h қабырға учаскесіне әсер ететін барлық жүктемелерді ескереді. Бұл шарт, мысалға, тірек түйіндерді тұтас құймалы кесілмеген армобелдіктер ретінде құрастырған кезде тұтас құймалы аражабындардан немесе құрама плиталардан жасалған аражабындардан жоғары орналасқан конструкцияның басқа элементтері қабылдай алатын жүктемелерге таралмайды.

6.1.8 Арқалықтарға және арқалық-қабырғаларға түсетін ішкі күштерді құрылыс механикасы әдістерімен анықтау қажет. Біркелкі жүктемемен жүктеген кезде арматураланған арқалықтар және арқалық-қабырғалардың тік қималарына қалыпты кернеулерді бөлу эпюралары 6.6-суретте келтірілген. Күштерді (моменттерді) қайта бөлу әсерін ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 нұсқамаларына сәйкес ескеру қажет.



6.6-сурет – Арматураланған арқалықтар және арқалық-қабырғалардың тік қималарындағы қалыпты кернеулер эпюралары [11]


6.1.9 Қабырғалардың перпендикуляр жазығында көлденең жүктеменің әсері кезінде (жел жүктемелері, топырақтың бүйірлік қысымы) иілу моменттерін ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 С-қосымшасының есептік модельдеріне сәйкес анықтау қажет (6.7-сурет).



6.7-сурет – Көлденеңінен жүктелген қабырғаның есептік сызбасы ($\alpha_2, \mu\alpha_2$ – көрсетілген бағыттардағы иілу моменттерінің коэффициенттері) [ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011]

6.2 Қабырға жазықтығында иілген кездегі көтергіш қабілеті

6.2.1 [6.6.2(3)] Арматураланған арқалықтардың иілу кезінде қиманың көтергіш қабілетін анықтаған кезде қиманың сығылған аймағындағы кернеудің тікбұрышты эпюрасын басшылыққа алуға болады (6.8-сурет). Бұл кезде арматура беріктігі созылған кезде нөлге тең болатын ұштасатын тас қалау ретінде деформацияланады деп болжанады. Арматураның созылған кездегі салыстырмалы деформациясын ε_s 0,01 мәнімен шектеу қажет.



6.8-сурет – Иілетін элемент қимасындағы деформациялар мен күштердің есептік сызбасы [ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011]

6.2.2 [6.6.2(4)] Таза иілген кезде арматураланған тікбұрышты қима үшін қима беріктігін M_{Rd} формула бойынша анықтауға болады:

$$M_{Rd} = A_s f_{yd} z, \quad (6.1)$$

мұнда иілетін арматуралас элемент қимасындағы күштердің ішкі жұбының иіні z өрнегінен анықталады:

$$z = d \left(1 - 0,5 \frac{A_s \cdot f_{yd}}{b \cdot d \cdot f_d} \right) \leq 0,95 \cdot d, \quad (6.2)$$

мұндағы b – көлденең қима ені;

d – көлденең қиманың жұмысшы биіктігі;

A_s – бойлай созылған арматураның көлденең қимасының ауданы;

f_d – ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 нормасының 2.4.1-т. және 3.6.1-т. сәйкес жүктеме бағытындағы тас қалаудың есептік сығылу кедергісі және 2.4.1-т. және 3.3-т. сәйкес толтыруға арналған бетонның есептік созылу кедергісі мәндерінің ең кішісі;

f_{yd} – созылған кезде кернелмейтін арматураның есептік кедергісі.

6.2.3 [6.6.2(5)] Консольді учаскелердің иілуі кезінде M_{Rd} көтергіш қабілетті анықтаған кезде есептік сығылу кедергісін f_d 6.8-суретке сәйкес қиманың сығылған қырынан өлшенген кесіндіде λ_x алуға болады. Бұл кезде M_{Rd} мәні формула бойынша анықталады:

– жеңіл бетоннан жасалған блоктардан басқа 1-топ тастары (блоктары) үшін

$$M_{Rd} \leq 0,4 \cdot f_d \cdot b \cdot d^2 \quad (6.3)$$

– 2,3 және 4-топтарының тастары (блоктары) және 1-топтың жеңіл бетонынан жасалған блоктар үшін

$$M_{Rd} \leq 0,3 \cdot f_d \cdot b \cdot d^2, \quad (6.4)$$

мұндағы f_d – тиісті бағыттағы тас қалаудың есептік сығылу кедергісі;

b – көлденең қима ені;

d – көлденең қиманың жұмысшы биіктігі;


x – қиманың сығылған аймағының биіктігі.

6.2.4 [6.6.4(1)] Биік Арқалықтар сияқты көлденең жүктемелерді қабылдайтын қабырға бөліктері үшін армотас конструкция элементінің иілуі кезіндегі қима беріктігі M_{Rd} (6.1) формуласы бойынша анықталады:

мұндағы A_s – арқалықтар қимасының төменгі (созылған) бөлігіндегі созылған арматураның көлденең қимасының ауданы;

f_{yd} – арматураның есептік кедергісі;


z – келесі екі мәндердің: $z = 0,7 \cdot l_{ef}$ немесе $z = 0,4 \cdot h + 0,2 \cdot l_{ef}$ азын қабылдау қажет иілетін армотас элемент қимасындағы күштердің ішкі жұбының иіні. Бұл кезде есептік учаскенің биіктігі $d = 1,25 \cdot z$ (6.9-сурет) тең деп қабылданады.



1 - арматура

6.9-сурет - Биік Арқалықтың есептік моделі [ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011]

6.2.5 [6.6.5(1)] Созылған белдік түзе, үстінде орналасқан тас қалаумен жалғауда өзара әрекеттесетін, қаттылығы тас қалау қаттылығымен салыстырған кезде аз болатын, арматураланған темірбетон, соның ішінде алдын ала кернелген құрама маңдайшалар үшін көтергіш қабілетін есептеуді 6.2.4 көрсетілген ережелер бойынша жүргізуге болады. Маңдайшалар тірегінің ұзындығы 100 мм кем болмауы тиіс (6.10-сурет).




1 – құрама жазық маңдайша

6.10-сурет – Үстінде тас қалау орналасқан қабырға тірегі ретіндегі жазық темірбетон маңдайша [ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011]**1-МЫСАЛ**

Берілді: С 20/25 класының арматураланған бетонымен толтырылған бетон астау түрінде жасалған тас қабырғаның терезе ойығы үстіндегі арматураланған маңдайша (6.11-сурет). Қабырғалардың қалауы беріктігі $f_m = 5,0$ МПа ерітіндіде беріктігі $f_b = 15$ МПа толық денелі силикатты тастардан жасалған. Қалауы бар аражабынның жеке салмағынан және пайдалы жүктемеден жалпы есептік жүктеме $q_{g+p} = 35,3$ кН/м құрайды.

Талап етіледі: Маңдайшаның көлденең арматурасының талап етілетін қимасын анықтау қажет.



1 – тас қалау, 2 – толтыру бетоны, 3 – зауыттық дайындалған бетон элемент, 4 – арматура
6.11-сурет – Арматураланған маңдайша есебіне (өлшемдері мм)

Шешімі

Маңдайшаның тиімді ұзындығы

$$l_{ef} = 0,115/2 + 1,26 + 0,115/2 = 1,38 \text{ м.}$$

Маңдайша қимасының темірбетон аражабын деңгейіне дейін толық биіктігі $h = 0,49 \text{ м}$ (6.11-сурет) құрайды. ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 5.5.2.3-т. сәйкес $h/1,15 \cdot l = 0,49/1,15 \times 1,26 = 0,34 < 0,5$ болғандықтан маңдайшаны келесі күштердің әсеріне арқалық ретінде есептеу қажет:

$$M_{Ed} = q_{g+p} l^2 / 8 = 35,3 \times 1,38^2 / 8 = 8,4 \text{ кНм,}$$

$$V_{Ed} = q_{g+p} l / 2 = 35,3 \times 1,38 / 2 = 24,4 \text{ кН.}$$

Материалдардың есептік беріктік сипаттамаларын анықтаймыз:

- тас қалау (қауіпсіздік коэффициенті $\gamma_m = 1,7$):

$$f_k = K f_b^{0,7} f_m^{0,3} = 0,55 \times 15^{0,7} \times 5^{0,3} = 5,9 \text{ МПа,}$$

$$f_d = f_k / \gamma_m = 5,9 / 1,7 = 3,5 \text{ МПа;}$$

- толтыру бетоны 5.5-кесте деректеріне сәйкес

$$f_{ck} = 20 \text{ МПа;}$$

- болат арматура (қауіпсіздік коэффициенті $\gamma_s = 1,15$)

$$f_{yk} = 500 \text{ МПа, } f_{yd} = f_{yk} / \gamma_s = 500 / 1,15 = 435 \text{ МПа;}$$

(6.1) және (6.2) теңдеулерін бірлесе шешуден арматура қимасы ауданының жуықталған мәнін табамыз:

$$A_s = b \cdot d \frac{f_d}{f_{yd}} - \sqrt{\left(\frac{b \cdot d \cdot f_d}{f_{yd}}\right)^2 - 2 \cdot M_{sd} \frac{b \cdot f_d}{f_{yd}^2}} =$$

$$= \left\{ 0,24 \times 0,40 \times \frac{3,5}{435} - \left[\left(0,24 \times 0,40 \times \frac{3,5}{435} \right)^2 - 2 \times 11,57 \times 10^{-3} \times \frac{0,24 \times 3,5}{435^2} \right]^{0,5} \right\} 10^4 = 0,69 \text{ см}^2.$$

$z = 0,9d$ кезінде арматура қимасы ауданының талап етілетін шамасын $M_{Ed} = M_{Rd} = A_s \cdot f_{yd} \cdot z$ шартынан табуға болады:

$$A_s = \frac{M_{sd}}{f_{yd} \cdot 0,9 \cdot d} = \frac{11,57 \times 10}{435 \times 0,9 \times 0,40} = 0,74 \text{ см}^2 > 0,69 \text{ см}^2.$$

(6.2) шартының орындалуын тексереміз

$$z = 0,40 \left[1 - 0,5 \times \frac{0,69 \times 10^{-4} \times 435}{0,24 \times 0,40 \times 3,49} \right] = 0,38 \text{ м} = 0,95 \times 0,4 = 0,38 \text{ м}.$$

Ені $b = 24 \text{ см}$ (6.8-сурет) тас қалаудың сығылған аймағының көтергіш қабілеті

$$M_{Rd} \leq \beta \cdot f_d \cdot b \cdot d^2 = 0,4 \times 3,5 \times 0,24 \times 0,4^2 \times 10^3 = 53,6 \text{ кН/м},$$

мұндағы $\beta = 0,4$ 1-топ тастары үшін.

Иілу кезіндегі көтергіш қабілет шарты

$$M_{Ed} = 8,4 \text{ кНм} < M_{Rd} = 53,6 \text{ кН/м}$$

орындалады.

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 8.2.3-т. сәйкес арматураның талап етілетін минималды ауданы

$$A_s = 0,0005 \cdot d \cdot b = 0,0005 \times 24 \times 40 = 0,48 \text{ см}^2.$$

Арматураны қима ауданымен диаметрі 8 мм екі шыбықтар түрінде аламыз.

$$A_s = 1,01 \text{ см}^2 > 0,69 \text{ см}^2.$$

Қалау қимасын қабырғаға перпендикуляр әсер ететін көлденең күш әсеріне тексереміз. ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 нормасының 3.4-кестесі бойынша қалаудың жылжуға сипаттамалы кедергісін табамыз $f_{vk0} = 0,15 \text{ МПа}$.

$$f_{vk} = f_{vk0} + 0,4 \cdot \sigma_d = f_{vk0} + 0,4 \cdot V_{Ed} / b = 0,15 + 0,4 \times 24,4 \times 10^{-3} / 0,24 = 0,19 \text{ МПа}$$

5.5-кестеге сәйкес бетонның кесілуге кедергісі $f_{cvk} = 0,39 \text{ МПа}$.
 $f_{cvk} = 0,39 > \text{МПа}$ $f_{cvk} = 0,19 \text{ МПа}$ болғандықтан жылжуға қалауды беріктігі төмен материал ретінде есептейміз.

Қалаудың есептік кедергісі $f_{vd} = f_{vk0} / \gamma_m = 0,19 / 1,7 = 0,11 \text{ МПа}$.

Жылжу кезіндегі қалаудың көтергіш қабілетін тірек жиегінен $d/2$ қашықтықтағы, яғни $a_x = 0,115/2 + 0,4/2 = 0,26$ м қашықтықтағы қимада анықтаймыз.

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 6.7.3-т. сәйкес коэффициентті анықтаймыз:

$$\frac{2 \cdot d}{a_x} = \frac{2 \times 0,40}{0,26} = 3,1 < 4.$$

Жылжу кезіндегі беріктік

$$f_{vd} = 3,1 \times 0,136 = 0,421 > 0,3 \text{ МПа.}$$

Жылжу кезіндегі қалаудың көтергіш қабілеті

$$V_{Rd} = V_{Rd1} = f_{vd} \cdot b \cdot d = 0,3 \times 10^3 \times 0,24 \times 0,4 = 28,8 \text{ кН.}$$

Жылжу кезінде көтергіш қабілетті қамтамасыз ету шарты

$$V_{Rd} = 28,8 \text{ кН} > V_{Ed} = 24,4 \text{ кН}$$

орындалады.

2-МЫСАЛ.

Берілді: Әрқайсысының қалыңдығы $t = 12$ см беттік тас қабаттардан және C20/25 класының бетонымен толтырылған қалыңдығы $c = 10$ см ішкі қабаттан тұратын қимасы $h \times b = 45 \times 34$ см терезе үстіндегі маңдайша (6.12-сурет). Маңдайша әр жағынан 10 см тереңдікте тас қабырғаларға тіреледі. Терезе ойығының көрінетін ені $l = 1,2$ м құрайды. Беттік қабаттары цемент-әктас ерітіндісіндегі 1-топ керамикалық тастарынан жасалған (сығылу кезіндегі қалаудың сипаттамалық кедергісі $f_k = 5,94$ МПа). Төменгі аймағында маңдайша $d = 42$ см қашықтықта қима биіктігі бойынша орналасқан диаметрі 20 мм ($A_s = 3,14 \text{ см}^2$) дара бойлық шыбықпен арматураланған. Арматура болатының сипаттамалық кедергісі $f_{yk} = 500$ МПа құрайды.

Талап етіледі:

Маңдайшаға біркелкі таралған жүктеменің q есептік мәнін анықтау қажет.


Шешімі

маңдайшалар аралықтарының тиімді ұзындығын анықтаймыз

$$l_{ef} = 1 + 0,1 = 1,2 + 0,1 = 1,3 \text{ м.}$$

6.1-кестеге сәйкес тиімді аралықтың маңдайшаның пайдалы биіктігіне қатынасы

$$l_{ef}/d = 1,3/0,42 = 3,1 < 20.$$



1 – тас қабаттар, 2 – ішкі бетон қабаты, 3 - арматура

6.12-сурет – Арматурананған тас маңдайшаның тік қимасы

Тас қалаудың есептік сығылу кедергісі

$$f_d = f_k / \gamma_m = 5,94 / 1,7 = 3,49 \text{ МПа.}$$

Бетонның есептік сығылу кедергісі

$$f_{cd} = f_{ck} / \gamma_m = 20 / 1,5 = 13,3 \text{ МПа.}$$

5.5-кестеге сәйкес $f_{cvk} = 0,39 \text{ МПа}$ кезіндегі бетонның есептік жылжу кедергісі

$$f_{cvd} = f_{cvk} / \gamma_m = 0,39 / 1,5 = 0,26 \text{ МПа.}$$

Арматураның есептік кедергісі

$$f_{yd} = f_{yk} / \gamma_m = 500 / 1,15 = 435 \text{ МПа.}$$

Аралық қабырғаның қимасы біртекті болмағандықтан, оның енін ең берік материал бетонға жуықтатылған түрде анықтаймыз. Толтыруға арналған бетонның серпімділік модулі ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 3.1-кестесіне сәйкес $E_{cm} = 30000 \text{ МПа}$ құрайды. Керамикалық тастардан жасалған қалаудың серпімділік модулін EN 1052-1 сәйкес мына теңдеуден анықтаймыз:

$$E_b = K_E f_k = 1000 \times 5,94 = 5940 \text{ МПа.}$$

Маңдайша қимасының келтірілген ені

$$b_e = c + 2 \cdot t \cdot E_b / E_{cm} = 10 + 2 \times 12 \times 5940 / 30000 = 14,75 \text{ см.}$$

(6.2) формуласы бойынша қиманың бейтарап осінің орналасқан орнын анықтаймыз

$$z = 45 [1 - 0,5 \times 3,14 \times 435 / (14,75 \times 42 \times 13,3)] = 41,3 \text{ см} > 0,95 \cdot d = 0,95 \times 42 = 39,9 \text{ см.}$$

Соңында $z = 39,9$ см деп аламыз.

Иілу кезіндегі маңдайша қимасының көтергіш қабілетін (6.1) Формула бойынша анықтаймыз

$$M_{Rd} = 3,14 \times 435 \times 39,9 \times 10^{-4} = 5,45 \text{ кНм.}$$

Иілу кезінде маңдайшаның көтергіш қабілетін қамтамасыз ету шарттарынан

$$M_{Rd} \geq M_{Ed} = q \cdot l^2 / 8,$$

маңдайшаға түсетін ізделіп жатқан есептік жүктемені анықтаймыз

$$q = 8 \cdot M_{Rd} / l^2 = 8 \times 5,45 / 1,3^2 = 25,8 \text{ кН/м.}$$

Жылжу кезінде маңдайшаның көтергіш қабілетін анықтаймыз

$$V_{Rd} = V_{Rd1} = f_{cvt} \cdot b_e \cdot d = 0,26 \times 10^3 \times 0,1475 \times 0,42 = 16,1 \text{ кН.}$$

Жылжу кезінде маңдайшаның көтергіш қабілетін қамтамасыз ету шарттарынан

$$V_{Rd} \geq V_{Ed} = q \cdot l / 2,$$

маңдайшаға түсетін ізделіп жатқан есептік жүктемені анықтаймыз

$$q = 2 \cdot V_{Rd} / l = 2 \times 16,1 / 1,3 = 24,8 \text{ кН/м.}$$


Төмен мәнді қабылдаймыз $q = 24,8 \text{ кН/м.}$

3-МЫСАЛ

Берілді: Ұяшық ұзындығы $L = 6,0$ м және биіктігі $H = 3,0$ м (6.13-сурет) қаңқалы темірбетон ғимараттың сыртқы қабырғаларының тас қабырғалық өздігінен көтергіш толтырғышы. Толтырғыш қалау көлемдік салмағы $0,6 \text{ кН/м}^3$ ұяшықты бетонды блоктардан жасалған жұқа ерітінді жіктерінде жасалған. Қалаудың есептік созылу кедергісі $0,12 \text{ МПа}$ құрайды. Қалау және үстіңгі аражабын арасында көлденең деформациялық жік бар. Ұзақ мерзімді әсер ететін пайдалы жүктеме кезінде аражабынның темірбетон плитасы қосымша иіледі, нәтижесінде тас толтырғыш және плита арасында түйіспе бұзылады. Бұл кезде қабырғалық толтырғыштан аражабынға тірек қысымы соңғы учаскелері арқылы беріледі (6.13б-сурет), ал толтырғыштың өзі иілуге биік арқалық сияқты өз салмағы әсерінен жұмыс істейді.

Талап етіледі:

Иілу кезіндегі тас толтырғыштың көтергіш қабілетін тексеру қажет, қажет болған жағдайда оның күшін көлденең арматура түрінде жобалау қажет.




1 – темірбетон аражабын, 2 – көлденең деформациялық жік, 3 – тас толтырғыш, 4 – темірбетон аражабынның иілімі

6.13-сурет - Қаңқалы ғимараттың тас қабырғалы толтырғышы: а) – қабырғаның қасбеті, б) – А-А қимасындағы сығушы түйіспелі кернеулер.

Шешімі


6.13б-суретке сәйкес тіректе шекаралас жағдайлар кезінде өз салмағы әсерінен тас толтырғыштың кернелген күйін анықтаймыз. Есептеуді SKAD бағдарламалық кешенін қолданумен сандық әдіспен орындаймыз. 6.14-суретте есептеумен алынған тас толтырғыштағы негізгі созылмалы кернеулердің траекториялар өрісі келтірілген. Олардың талдауынан ең көп кернелген күй толтырудың төменгі аймағында орналасқанын көрсетеді, мұндағы максималды созу кернеуі $4,37 \text{ т/м}^2 = 0,0437 \text{ МПа}$ құрайды, бұл $0,12 \text{ МПа}$ тең қалаудың есептік созылу кедергісінен аз. Осылай тас толтырғыштың көтергіш қабілеті қамтамасыз етілген болып табылады, оны арматуралаудың қажеті болмайды.



6.14-сурет - Тас толтырғыштағы негізгі созылмалы кернеулер траекториялары (мәні т/м^2)

4-МЫСАЛ

Берілді: Бойлық қабырғалары темірбетон жақтауға тірелетін көп қабатты үйдің шетжағының тас қабырғасы. Қалыңдығы 0,38 м шетжақ қабырға 1-топтың керамикалық тастарынан жасалған. Темірбетон аражабын арқылы бірінші қабат қабырғасына берілетін жалпы есептік біркелкі бөлінген жүктеме $w = 45 \text{ кН/м}$ құрайды. Қабат биіктігі $h = 3,0 \text{ м}$ құрайды, ал темірбетон тіректер осьтері арасындағы арақашықтық $l = 6,0 \text{ м}$ (6.15-сурет).



1 – темірбетон бойлық жақтаулар, 2 – бірінші қабаттың шетжақты қабырғасы

6.15-сурет – Гимараттың шетжағының тас қабырғасының есептік сызбасы

Талап етіледі: Шетжақ қабырғаның төменгі созылған аймағындағы көлденең арматураның талап етілетін қимасын анықтау қажет.

Шешімі

Қабырғаның тиімді ұзындығы $l_{ef} = l = 6,0 \text{ м}$ құрайды. $l_{ef}/h = 6,0/3,0 = 2$ болғандықтан қабырғаның есептік моделі ретінде биік арқалық алынады. 6.6-суретке сәйкес қабырғаның төменгі бөлігіндегі тең әсер ететін созылмалы кернеу шамасын анықтаймыз.

$$T = 0,38 \cdot w \cdot l_{ef} = 0,38 \times 41 \times 6 = 93,5 \text{ кН}$$

Арматуралау ретінде сипаттамалық кедергісі $f_{yk} = 500 \text{ МПа}$ шыбықтарды аламыз.

Арматураның есептік кедергісі

$$f_{yd} = f_{yk} / \gamma_m = 500 / 1,15 = 435 \text{ МПа}$$

Арматураның талап етілетін қимасының ауданы

$$A_s = T / f_{yd} = 93,5 \times 10^3 / 435 = 215 \text{ мм}^2$$

Диаметрі 6 мм 4 шыбықтардан тұратын арматуралық торларды аламыз. Торларды әрқайсысына 4 шыбықтан екі аралас көлденең ерітінді жіктеріне орналастырамыз. Шыбықтар қимасының жалпы ауданы $A = 226 \text{ мм}^2 > A_s = 215 \text{ мм}^2$. Торларды арматуралық шыбықтардың ауырлық орталығынан бірінші қабат қабырғасының үстіне дейінгі $d = 0,95h = 0,95 \times 3,0 = 2,85 \text{ м}$ қашықтыққа қоямыз.

6.3 Қабырға жазықтығынан иілген кездегі көтергіш қабілеті

[6.6.2.(9)] Егер көлденең жіктерде арматуралық торлары бар қабырғаларда иілу моменті коэффициентін α (ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 5.5.5-т. қараңыз) анықтау үшін иілуге қалау белдігінің жұмысы кезінде көлденең жіктердің арматурасының беріктігі ескерілсе, онда келесі формула бойынша көлденең жіктердің арматураланған аймағының осындай қалыңдықтағы арматураланбаған аймақтың қабылданатын иілу моментіне теңестіру арқылы көлденең жіктерге перпендикуляр (байланған қима бойынша) жазықтықта тас қалаудың иілуі кезіндегі жоғары есептік созылу кедергісін $f_{xd2,app}$ қолдануға болады

$$f_{xd2,app} = \frac{6 \cdot A_s \cdot f_{yd} \cdot z}{t^2}, \quad (6.5)$$

мұндағы f_{yd} – көлденең жіктердің кернелмейтін арматурасының есептік кедергісі;

A_s – көлденең жіктердің 1 метрге сығылған арматурасының көлденең қимасының ауданы;


t – қабырға қалыңдығы;

z – (6.2) формулаға сәйкес иілетін арматуралас элемент қимасындағы z күштердің ішкі жұбының иіні.

1-МЫСАЛ

Берілді: Беріктігі $f_m = 5,0$ МПа ерітіндідегі сығылу беріктігі $f_b = 13,2$ МПа қуысты керамикалық блоктардан жасалған қалыңдығы $t = 25$ см қалау түріндегі тас толтырғышы бар темірбетон қаңқа (6.16-сурет). Ұзындығы $L = 6,0$ м және биіктігі $H = 2,6$ м өздігінен көтергіш тас толтырғыш бір уақытта ғимарат қаңқасының тік элементтері бар анкерлі байланысты толтырғыш болып табылатын көлденең дәнекерленген торлармен арматураланған. Торлар биіктігі H бойынша $h = 0,5$ м қадаммен орнатылған және 5.2а-суретке сәйкес болаттан жасалған ($f_{yd} = 435$ МПа, $A_s = 0,144$ см²).

Талап етіледі: Өз жазықтығынан иілген кезде оның көтергіш қабілеті шартынан қабырғаға түсетін көлденең біркелкі бөлінген жүктеменің q шекті мәнін анықтау қажет.



1 - тас қалау, 2 – көлденең деформациялық жік саңылау, 3 – темірбетон қаңқа

6.16-сурет – Темірбетон қаңқалы ғимаратты толтырудың тас қабырғасы

Шешімі

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, Е қосымшасына сәйкес қабырғаның есептік сызбасын А шартына сәйкес қабылдаймыз.

Сығылған кезде (5.1) формула бойынша қалаудың сипаттамалы беріктігін анықтаймыз.

$$f_k = K f_b^{0,7} f_m^{0,3} = 0,35 \times 13,2^{0,7} \times 5,0^3 = 3,45 \text{ МПа},$$

мұнда 5.2-кесте бойынша $K = 0,35$.

$\gamma_m = 1,7$ қауіпсіздік коэффициенті кезінде сығылу кезіндегі қалаудың есептік кедергісі $f_d = f_k / \gamma_m = 3,45 / 1,7 = 2,03 \text{ МПа}$ құрайды.

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 3.6.3-т. сәйкес әдеттегі ерітінді жіктердегі қабырға жазықтығынан иілген кездегі қалаудың сипаттамалық кедергілері $f_{xk1} = 0,1 \text{ МПа}$, $f_{xk2} = 0,4 \text{ МПа}$ құрайды. $\gamma_m = 1,7$ қауіпсіздік коэффициенті кезінде қалаудың есептік кедергісі: $f_{xd1} = 0,06 \text{ МПа}$, $f_{xd2} = 0,24 \text{ МПа}$.

Қалаудың $1,0 \text{ м}$ оның қима биіктігіндегі созылған аймағындағы арматура қимасының ауданы $A_s = 0,144 / 0,5 = 0,288 \text{ см}^2$ құрайды.

(6.2) формулаға сәйкес ені $b = 1,0 \text{ м}$ қабырға қимасындағы күштердің ішкі жұбының иінін анықтаймыз:

$$z = 25[1 - 0,5 \times 0,288 \times 435 / (100 \times 25 \times 2,03)] = 24,9 \text{ см} > 0,95 \times 25 = 23,75 \text{ см},$$

$z = 23,75 \text{ см}$ аламыз.

(6.5) формула бойынша арматураның әсері ескере отырып, иілу кезіндегі қалау беріктігінің мәнін түзетеміз:

$$f_{xd2app} = \frac{6 \cdot A_s \cdot f_{yd} \cdot z}{t^2} = 6 \times 0,288 \times 435 \times 23,75 / 25^2 = 28,6 \text{ МПа}.$$

Қима ені $b = 1,0 \text{ м}$ ($W = b \cdot t^2 / 6 = 1,0 \times 0,25^2 / 6 = 10,42 \times 10^{-3} \text{ м}^3$) қабырға бөлігі иілген кездегі көтергіш қабілетін анықтаймыз:

- тік жазықтықта

$$M_{Rd1} = f_{xd1} \cdot W = 0,06 \times 10^3 \times 10,42 \times 10^{-3} = 0,63 \text{ кНм};$$

- көлденең жазықтықта

$$M_{Rd2} = f_{xd2,app} \cdot W = 28,6 \times 10^3 \times 10,42 \times 10^{-3} = 298 \text{ кНм}.$$

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, Е қосымшасына сәйкес ізделіп жатқан көлденең жүктемеден иілу моменттерін анықтау үшін келесі параметрлерді анықтау қажет:

$$\mu = f_{xk1} / f_{xk2} = 0,1 / 0,4 = 0,25,$$

$$H/L = 2,6 / 6 = 0,43,$$

$$\alpha = 0,063.$$

Көлденең жүктемелердің q иілу моменттерін M_{Ed} тиісті бағыттардағы қабырғаның көтергіш қабілеттеріне M_{Rd} теңестіре отыра, жүктеменің q сандық мәнін анықтаймыз:

$$q_1 = M_{Rd1} / (\mu \cdot \alpha \cdot L^2) = 0,63 / (0,25 \times 0,063 \times 6^2) = 1,1 \text{ кН/м}^2,$$


$$q_2 = M_{Rd2} / (\alpha \cdot L^2) = 298 / (0,063 \times 6^2) = 110 \text{ кН/м}^2.$$

Көлденең жүктеменің шекті мәні ретінде алынған мәндердің азын аламыз, яғни $q = 1,1 \text{ кН/м}^2$.

2-МЫСАЛ

Берілді: Беріктігі $f_m = 5,0 \text{ МПа}$ ерітіндідегі сығылу беріктігі $f_b = 7,5 \text{ МПа}$ қуысты керамикалық блоктардан жасалған үйдің қалыңдығы $t = 17,5 \text{ см}$ шетжақты өздігінен көтергіш қабырға. Қабырға қалауы Қабырға қалауы беріктігі $f_{yk} = 500 \text{ МПа}$ көлденең өзектермен арматураланған (көлденең жікте екіден) (6.17-сурет). Тас қалау және арматура үшін қауіпсіздік коэффициенттері $\gamma_m = 1,7$ және $\gamma_s = 1,15$ құрайды.

Талап етіледі: Қабырғаға $w_d = 1,2 \text{ кН/м}^2$ есептік жел жүктемесі әсер еткен кездегі қалауды арматуралаудың талап етілетін шамасын анықтау қажет.



1 - арматура

6.17-сурет – Жел жүктемесі w әсерінен иілуге тас ғимараттың шетжақ қабырғасын есептеуге

Шешімі

Қабырғаның есептік сызбасы ретінде қима биіктігі $t = 17,5 \text{ см}$ және ені $b = 100 \text{ см}$ кесілмеген үш аралықты Арқалықты аламыз. Әр аралықтағы қабырғаның тиімді ұзындығы

$$l_{ef1} = l_{ef2} = 0,175/2 + 5,0 + 0,175/2 = 5,15 \text{ м},$$

$$l_{ef3} = 0,175/2 + 3,5 + 0,175/2 = 3,62 \text{ м}$$

құрайды.

6.17-суреттегі А-А қабырға қимасының жұмысшы биіктігі

$$d = 35 + 105 = 140 \text{ мм} = 0,14 \text{ м}$$

құрайды.

Шарттың орындалуын тексереміз.

$$l_{ef1}/d = 36,7 < 45.$$

$w_d = 1,2$ кН/м жүктеме әсерінен Арқалықтарды статикалық есептеу нәтижесінде $M_{Ed} = 3,08$ кНм шамасындағы ең үлкен иілу моменттері және $V_{Ed} = 3,67$ кН көлденең күштер ортаңғы тіркелердің үстінде болатындығы анықталды.

Тас қалау материалы және арматураның есептік кедергісі

$$f_k = K f_b^{0,7} f_m^{0,3} = 0,25 \times 0,75^{0,7} \times 5,0^{0,3} = 1,66 \text{ МПа},$$

$$f_d = f_k / \gamma_m = 1,66 / 1,7 = 0,98 \text{ МПа},$$

$$f_{yd} = f_{yk} / \gamma_s = 3,45 / 1,7 = 2,03 \text{ МПа}.$$

(6.1) және (6.2) теңдеулерін бірге шеше отырып, арматура қимасы ауданының жуықтаған мәнін табамыз

$$A_s = b \cdot d \cdot \frac{f_d}{f_{yd}} - \sqrt{\left(\frac{b \cdot d \cdot f_d}{f_{yd}} \right)^2 - 2 \cdot M_{sd} \frac{b \cdot f_d}{f_{yd}^2}} =$$

$$= \left\{ 1,00 \times 0,14 \times \frac{0,98}{435} - \left[\left(1,00 \times 0,14 \times \frac{0,98}{435} \right)^2 - 2 \times 3,08 \times 10^{-3} \frac{1,00 \times 0,98}{435^2} \right]^{0,5} \right\} 10^4 = 0,55 \text{ см}^2/\text{м}.$$

$z = 0,9d$ кезіндегі арматура қимасы ауданының талап етілетін шамасын $M_{Ed} = M_{Rd} = A_s \cdot f_{yd} \cdot z$ шартынан табуға болады:

$$A_s = \frac{M_{sd}}{f_{yd} \cdot 0,9 \cdot d} = \frac{3,08 \times 10}{435 \times 0,9 \times 0,14} = 0,56 \text{ см}^2/\text{м}.$$

Шарттың орындалуын тексереміз (6.2)

$$z = 0,14 \left[1 - 0,5 \times \frac{0,55 \times 10^{-4} \times 435}{1,00 \times 0,14 \times 0,98} \right] = 0,13 \text{ м} \approx 0,95 \times 0,14 = 0,13 \text{ м}.$$

Тас қалаудың сығылған аймағының көтергіш қабілеті (6.8-сурет)

$$M_{Rd} \leq \beta \cdot f_d \cdot b \cdot d^2 = 0,3 \times 0,98 \times 1,00 \times 0,14^2 \times 10^3 = 5,76 \text{ кНм},$$

мұнда 2,3,4-топтарының тастары үшін $\beta = 0,3$.

Иілу кезіндегі көтергіш қабілет шарты орындалады:

$$M_{Ed} = 3,08 \text{ кНм} < M_{Rd} = 5,76 \text{ кНм}.$$

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 8.2.3-т. сәйкес арматура ауданының минималды ауданы $A_s = 0,015 \cdot d = 0,015 \times 14 = 0,21 \text{ см}^2/\text{м}$. Арматураны тас қалау биіктігі бойынша 0,5 м сайын орналасатын қима ауданы $A_s = 1,01 \text{ см}^2 > 0,55 \text{ см}^2$ диаметрі 8 мм екі бірдей түрінде аламыз (6.17-суретте А-А қимасы).

Қалау қимасын қабырғаға перпендикуляр әсер ететін көлденең күш әсеріне тексереміз. ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 3.4-кестесі бойынша қалаудың жылжуға сипаттамалы кедергісін табамыз $f_{vk0} = 0,15$ МПа.

$$f_{vk} = f_{vk0} + 0,4\sigma_d = 0,15 + 0,4 \times 0 = 0,15 \text{ МПа.}$$

Есептік кедергі $f_{vd} = f_{vk0} / \gamma_m = 0,15 / 1,7 = 0,09$ МПа. Жылжу кезіндегі қалаудың көтергіш қабілеті

$$V_{Rd} = V_{Rd1} = f_{vd} \cdot b \cdot d = 0,09 \times 1,0 \times 0,14 \times 10^3 = 12,6 \text{ кН.}$$

Жылжу кезіндегі қалаудың көтергіш қабілетінің шарты орындалады:

$$V_{Rd} = 12,6 \text{ кН} > V_{Ed} = 3,67 \text{ кН.}$$

7 СЫҒЫЛУ ЖӘНЕ ИІЛЕ СЫҒЫЛУ КЕЗІНДЕ ҚАБЫРҒАЛАРДЫ ЕСЕПТЕУ

7.1 Жалпы ережелер

7.1.1 [5.5.2.1(1)] Элементтің есептік жазықтығындағы арматураланған тас қалаудан жасалған конструкцияның тік жүктелген элементтерінің иілгіштігін есептік (тиімді) биіктіктің h_{ef} тиімді қалыңдық t_{ef} мәніне қатынасы ретінде анықтау қажет. Бұл кезде тас қабырғаның иілгіштігі басым тік жүктемелер кезінде 27 аспауы тиіс.

7.1.2 [6.6.1(1)P] Сығылу және иіле сығылуға жұмыс істейтін арматураланған тас конструкцияларын есептеген кезде қиманың ең шеткі қатты сығылған қыры үшін тас қалаудың салыстырмалы деформациясының шекті мәні 1-топ тастары (блоктары) үшін максималды $\varepsilon_{mu} = 0,0035$ және 2, 3 және 4-топтардың тастары (блоктары) үшін $\varepsilon_{mu} = 0,002$ болуы тиіс (ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 3.2-суретті қараңыз).

7.1.3 [6.6.1(4)] Егер сығылу аймағында тас қалау және толтыруға арналған бетон болса, онда сығылу беріктігі төмен материалдың есептік кедергісімен келтірілген қима бойынша есептелінеді.

7.1.4 [6.6.2(7)] Иілгіштігі 15 жоғары тас қалау конструкцияларының арматураланған элементтері ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 6.1-т. сәйкес арматураланбаған тас қалауды қолдану қағидалары мен ережелері бойынша есептеуге болады. Бұл жағдайда екінші қатар теориясының әсерлерін қосымша есептік момент M_{ad} көмегімен ескеріледі:

$$M_{ad} = \frac{N_{Ed} \cdot h_{ef}^2}{2000 \cdot t}, \quad (7.1)$$

мұндағы N_{Ed} – түсетін тік жүктеме әсеріне сығылу күшінің есептік мәні;

h_{ef} – конструкция элементінің есептік (тиімді) биіктігі;

t – тас қалау конструкциясы элементінің қалыңдығы.


7.1.5 [6.6.2(8)] Бойлық күші төмен көлденең жүктеме (иілу моменттері) әсері кезінде тас қалау конструкциясының арматураланған элементтерін тек иілуге ғана есептеуге болады, егер есептік тік жүктемелерден есептік сығылу кернеуі:

$$\sigma_d \leq 0,3f_d, \quad (7.2)$$

мұндағы f_d – тиісті бағыттағы тас қалаудың есептік сығылу кедергісі.

7.2 Есептеу әдістемесі

7.2.1 [6.6.2(6)] Қабырға қалауында тік арматураны үзік-үзік орналастырған кезде есептік қима ретінде ені тас қалаудың үш еселі енінен көп емес оның учаскесін алу қажет (7.1-сурет).



1 - арматура

7.1-сурет – Жергілікті шоғырланған арматуралы армотас элементтердегі көлденең қима ені [ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011]

7.2.2 [6.6.3(1,2)] Жауырындық қабырғасы бар қабырғаларда сөренің есептік қалыңдығы ретінде қабырға қалыңдығын t_f алады, бірақ $0,5d$ артық емес (7.2-сурет).

Қабырғаның L-тәрізді көлденең қимасы сөресінің есептік ені b_{ef} ретінде $b_{efl} = \min [t_{f1} + 6t_f, l_f/2, h/6, l]$ мәндерінің ең кішісін, ал T-тәрізді қимада $b_{efl} = \min [t_{f2} + 12t_f, l_f, h/3, l]$ алу қажет, 7.2-суретке сәйкес мұндағы:

b_{efl} – L-тәрізді көлденең қимасы сөресінің тиімді ені;

b_{eft} – T-тәрізді көлденең қимасы сөресінің тиімді ені;


h – тас қалаудың қабырға бойымен көрінетін биіктігі;

l_f – шоғырландыра тік арматураланған жауырындық қабырғалар (армотас қалауы элементтері) арасындағы арақашықтық;

t_f – сөре қалыңдығы;

t_{fi} – i -ші жауырындық қабырға ені;

l – сөренің нақты ені.



1 - тік арматура

7.2-сурет – Жауырындық қабырғалары арматураланған қабырғалардың Т және L-тәрізді көлденең қималары сөрелерінің енін анықтауға [ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011]

7.2.3 [6.6.3(3)] Жауырындық қабырғалары бар арматураланған қабырғалар иілген M_{Rd} кездегі көтергіш қабілетін (6.1) формула бойынша есептеуге болады. Бұл кезде келесі шарт орындалуы тиіс:

$$M_{Rd} \leq f_d \cdot b_{ef} \cdot t_f (d - 0,5 \cdot t_f), \quad (6.8)$$

мұндағы f_d - ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 2.4.1-т. және 3.6.1-т. сәйкес тиісті бағыттағы тас қалаудың есептік сығылу кедергісі;

d – көлденең қиманың жұмысшы биіктігі;

t_f - осы құралдың 7.2.2-т. талаптарына сәйкес сөре қалыңдығы;

b_{ef} – осы құралдың 7.2.2-т. талаптарына сәйкес сөренің тиімді ені.

7.2.4 [6.1.2.1(2)] Тігінен жүктелген қабырғаның көтергіш қабілетін теңдеуден анықтау қажет:

$$N_{Rd} = \Phi \cdot t \cdot f_d, \quad (6.9)$$

мұндағы Φ – ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 6.1.2.2-т. сәйкес иілгіштік және жүктеме эксцентриситетін ескере отырып, анықталған қабырғаның үстіңгі деңгейіндегі немесе негізіндегі Φ_1 немесе сәйкесінше қабырға биіктігінің ортасындағы Φ_m азайту коэффициенті;

t - қабырға қалыңдығы;

f_d – ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 2.4.1-т. және 3.6.1-т. сәйкес тиісті бағыттағы тас қалаудың есептік сығылу кедергісі.


1-МЫСАЛ

Берілді: бойлық қабырғаларының қалыңдығы $t_s = 60$ мм, $t \times l = 300 \times 600$ мм өлшеміндегі қуысты бетон блоктардан (C20/25 класының бетоны) жасалған биіктігі $H = 3,0$ м жертөлениң тас қабырғасы (7.3-сурет). Қалау беріктігі $f_m = 5,0$ МПа М5 ерітіндіде жасалған. Жертөле қабырғаларын көтеру және аражабынның құрама плиталарын монтаждаудан кейін қабырғалар мен

қазаншұңқыр еңістері арасындағы кеңістік таптап нығыздалған топырақпен жабылады. Қабырғаның 1 м ұзындығына төгілетін топырақтың бүйірлік қысымы q әсерінен есептік иілу моменті 7.3-суреттегі есептік сызбаға сәйкес $M_{Ed} = 6,9$ кНм құрайды.

Талап етіледі:

Қазаншұңқыр еңістеріне топырақ төгу кезінде жертөле қабырғасын тік арматуралау қажеттігін тексеру.



1 – іргетас, 2 – қуысты бетон блоктардан жасалған жертөле қабырғасы, 3 – тік арматура, 4 – құрама темірбетон аражабын плиталары, 5 – толтыруға арналған бетон, 6 – тік ерітінді жіктері

7.3-сурет – Төгілетін топырақтың бүйірлік қысымына q тік арматуралы жертөле қабырғасын есептеуге

Шешімі:

Қабырғаның иілуін есептеуді қабырға мен аражабынның меншікті салмағынан түсетін тік жүктемені ескермей, ҚР ҚН EN 1996-3:2006/2011, 4.7-т. сәйкес жеңілдетілген әдістеме бойынша жүргіземіз. М5 маркасының ерітіндісі үшін байланбаған қима бойынша қабырға жазықтығынан иілу кезіндегі нормативтік кедергі $f_{xk,1} = 0,1$ МПа құрайды (ҚР ҚН EN 1996-3:2006/2011 (D.2)). $\gamma_m = 1,7$ қауіпсіздік коэффициенті кезіндегі қалаудың есептік кедергісі:

$$f_{xd,1} = f_{xk,1} / \gamma_m = 0,1 / 1,7 = 0,059 \text{ МПа.}$$

Иілу кезіндегі қалаудың көтергіш қабілеті

$$M_{Rd} = f_{xd,1} b t^2 / 6 = 0,059 \times 1,00 \times 0,3^2 \times 10^3 / 6 = 0,885 \text{ кНм.}$$

Иілу кезіндегі көтергіш қабілеттің шарты орындалмайды:

$$M_{Ed} = 6,9 \text{ кНм} > M_{Rd} = 0,885 \text{ кНм.}$$

Тас қалауды 7.3-суретке сәйкес орналасқан тік шыбықтармен арматуралаймыз. 7.1-суреттегі сызбаға сәйкес арматураланған қабырға қимасының есептік енін

$$b = 3t = 3 \times 300 = 900 \text{ мм} = 0,9 \text{ м}$$

тең деп аламыз.

Ені $b = 0,9 \text{ м}$ тік жазық қабырға қабылдайтын иілу моменті

$$M_{Edb} = M_{Ed} b / 1,0 = 6,9 \times 0,9 / 1,0 = 6,2 \text{ кНм}$$

кұрайды.

Есептік қимадағы бір арматуралық шыбықтың талап етілетін ауданын анықтаймыз. Болаттың есептік кедергісі $f_{yd} = 375 \text{ МПа}$ арматураны аламыз. Қабырға қимасының жұмысшы биіктігін анықтаймыз (9.3-сурет)

$$d = t / 2 = 300 / 2 = 150 \text{ мм} = 0,15 \text{ м.}$$

Шарттың орындалуын тексереміз

$$l_{efl} / d = H / d = 3 / 0,15 = 20 < 45.$$

Сығылу кезіндегі тас қалаудың есептік кедергісі

$$f_k = K f_b^{0,7} f_m^{0,3} = 0,35 \times 20^{0,7} \times 5,0^{0,3} = 4,62 \text{ МПа,}$$

$$f_d = f_k / \gamma_m = 4,62 / 1,7 = 2,7 \text{ МПа.}$$

$z = 0,9d$ кезінде арматура қимас ауданының талап етілетін шамасын $M_{Ed} = M_{Rd} = A_s f_{yd} z$ шартынан анықтауға болады:

$$A_s = \frac{M_{Ed}}{f_{yd} \cdot 0,9 \cdot d} = \frac{6,2 \times 10}{375 \times 0,9 \times 0,15} = 1,23 \text{ см}^2.$$

Әр бетон блокта бір-бірден орналасатын диаметрі 14 мм ($A_s = 1,54 \text{ см}^2$) шыбықтарды аламыз 7.3-сурет).

(6.2) шарттың орындалуын тексереміз

$$z = d \left(1 - 0,5 \frac{A_s \cdot f_{yd}}{b \cdot d \cdot f_d} \right) \leq 0,95 \cdot d ,$$

$$z = 0,15 \left[1 - 0,5 \times \frac{1,54 \times 10^{-4} \times 375}{0,9 \times 0,15 \times 2,7} \right] = 0,138 \text{ м} < 0,95 \times 0,15 = 0,143 \text{ м.}$$

Иілу кезіндегі сығылуға қалыңдығы $t_s = 60$ мм бетон блоктардың бойлық қабырғалары ғана жұмыс істейді деп болжай отыра, арматура және блок қабырғаларының ауырлық орталығы арасындағы арақашықтықты анықтаймыз (9.3-сурет):

$$d^* = t/2 - t_s/2 = 300/2 - 60/2 = 120 \text{ мм} = 0,12 \text{ м.}$$

Тас қалаудың сығылған аймағының көтергіш қабілеті

$$N_{Rd} = f_d \cdot b \cdot t_s = 2,7 \times 0,9 \times 0,06 \times 10^3 = 145,8 \text{ кН.}$$

Иілу кезіндегі қалаудың көтергіш қабілеті

$$M_{Rd} = N_{Rd} \cdot d^* = 145,8 \times 0,12 = 17,5 \text{ кНм.}$$

Иілу кезіндегі жертөлениң арматураланған қабырғасының көтергіш қабілеті қамтамасыз етілген:

$$M_{Edb} = 6,2 \text{ кНм} < M_{Rd} = 17,5 \text{ кНм.}$$

2-МЫСАЛ

Берілді: Қабырғаның симметрия осі бойынша орналасқан тік шыбықтармен арматураланған биіктігі 3,0 м және қалыңдығы $t = 175$ мм жертөлениң тас қабырғасы (7.4-сурет). Қалаудың сығылуға есептік кедергісі $f_d = 5,0$ МПа, арматураның есептік кедергісі $f_{yd} = 435$ МПа құрайды. Статикалық есептеулер негізінде (екінші қатар теориясына сәйкес) қабырғаны топсалы бекіткен кезде іргетаспен және аражабынмен қосарласу орындарында қабырғаның 1 м ұзындығына оның биіктігінің ортасындағы есептік күш шамасы $N_{Ed} = 35$ кН, $M_{Ed} = 8,8$ кНм құрайды.

Талап етіледі: Арматураның талап етілетін қимасын анықтау қажет.

Шешімі:


Арматураның қимасын анықтау үшін [10] нормаларында берілген жеңілдетілген әдістемені қолданамыз. Ені 1,0 м және қиманың жұмысшы аймағының биіктігі $d = t/2 = 0,175/2 = 0,0875$ м қабырға қимасы үшін келесі параметрлерді анықтаймыз:

$$n_{sd} = \frac{N_{Ed}}{b \cdot d \cdot f_d} = \frac{0,035}{1,0 \times 0,0875 \times 5,0} = 0,08$$

$$m_{sds} = \frac{M_{Ed}}{b \cdot d^2 \cdot f_d} + n_{sd} \cdot \left(1 - \frac{t}{2 \cdot d} \right) = \frac{0,0088}{1,0 \times 0,0875^2 \times 5,0} + 0 = 0,23$$

$$\varpi = 1 - \sqrt{1 - 2,25 \cdot m_{sds}} = 0,305$$

$$\omega_1 = \frac{8}{9} \varpi - n_{sd} = 0,191$$



7.4-сурет – Тік арматурасы 1 бар жергөле қабырғасын есептеуге

Арматура қимасының талап етілетін ауданы

$$A_s = \omega_1 \cdot b \cdot d \cdot f_d / f_{yd} = 0,191 \times 1,0 \times 0,0875 \times 5,0 \times 10^4 / 435 = 1,92 \text{ см}^2$$


Қабырғаның 1 қума метр ұзындығына 25 см қадаммен диаметрі 8 мм қима ауданы $A_s = 2,01 \text{ см}^2$ 4 шыбық орнатамыз.

8 ЖЫЛЖУ КЕЗІНДЕ ҚАБЫРҒАЛАРДЫ ЕСЕПТЕУ

8.1 Жалпы ережелер

8.1.1 Тас қабырғалар көлденең ерітінді жіктерін бойлай (байланбаған қима бойынша) және ерітінді жіктеріне көлденеңінен (байланған қима бойынша) жылжу күшінің әсеріне ұшырауы мүмкін.


8.1.2 Көлденең жылжымалы күштер көлденең жүктемелер әрекетінің, мысалы, жел, топырақтың бүйірлік қысымы, сейсмикалық әсерлер және т.б. салдары болуы мүмкін (8.1-сурет).



1 – аражабын плитасы, 2 – тік жүктеме, 3 – жылжуға жұмыс істейтін қабырға,
4 – көлденең жүктеме


8.1-сурет – Көлденең қабырғаларға (а) көлденең жүктемені жіберу сызбасы және олардың кернелген күйі (б) [13]

8.1.3 Тік және көлденең жүктемелердің бірлескен әсері кезіндегі тас қалаудың бұзылуының ықтимал механизмдері 8.2-суретте келтірілген. Жылжу немесе қисық жарықтардың пайда болу нәтижесінде тас қалаудың бұзылуының алдын алу үшін көлденең немесе тік арматуралауды қолдану қажет (8.3-сурет).



1 – байланбаған жіктер бойынша созылудан жарылу, 2 – көлденең ерітінді жіктерді бойлай жылжу, 3 – қалауды ұсақтау, 4 – негізгі созылатын кернеу әрекетінен жарылу


8.2-сурет – Жылжитын және сығылатын кернеулердің σ_1 бірлескен әсері кезінде тас қалаудың бұзылу механизмдері



1 – тас қалау, 2 – тік арматура, 3 – көлбеу жарық, 4 – көлденең арматура

8.3-сурет – Көлденең жылжу нәтижесінде көлбеу жарық пайда болған кездегі арматураланған тас қалау әсері [13]

8.1.4 Көлденең жылжуға тас маңдайшалар (8.4-сурет), іргетастардың біркелкі емес шөгуіне бейім қабырға учаскелерін (10.1-сурет), мысалы, терезеаралық белдіктер және т.б.



8.4-сурет – Итарқа арқалықтардан көлденең күштермен тас маңдайшаларды кернеу сызбасы және қисық жарықтар 1 түзілу нәтижесінде бұзылу механизмі

8.1.5 [5.5.4(1)] Конструкция элементтері қабылдайтын көлденең қиманың есептік мәнін анықтау үшін біркелкі бөлінген жүктеме кезінде максималды көлденең күш тірке қырынан $d/2$ қашықтықта орын алады деп қабылдауға болады, мұндағы d – конструкция элементінің көлденең қимасының жұмысшы биіктігі.

8.1.6 [5.5.4(3)] Көлденең күштің әсері кезінде бетонның тас қалау конструкциясының арматураланған элементтері қабырғасының есептік қимасының беріктігіне әсерін ескеру қажет. Егер көлденең күштің әсері кезінде беріктік темірбетон қиманың жұмысы салдарынан біршама артса, онда тас қалаудың беріктігі ескерілмейді және есептеуді ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес жүргізеді.

8.2 Көлденең жүктемені есептеу

8.2.1 [6.7.2(1)] Көлденең арматураның жұмысын ескермейтін тік арматураланған тас қабырғалар үшін келесі шарт орындалуы тиіс:

$$V_{Ed} \leq V_{Rd1}, \quad (8.1)$$

мұндағы V_{Rd1} – келесі формула бойынша анықталатын көлденең күш әсері кезінде қабырғаның есептік қимасының көтергіш қабілеті:

$$V_{Rd1} = t \cdot l \cdot f_{vd}, \quad (8.2)$$

мұндағы f_{vd} – ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 нормасының 2.4.1-т. және 3.6.2-т. сәйкес тас қалаудың және 2.4.1-т. және 3.3-т. сәйкес толтыруға арналған бетонның қиылуының (жылжуының) есептік кедергісінің кіші мәні;

t – қабырға қалыңдығы;

l – қабырғаның есептік учаскесінің ұзындығы.

8.2.2 [6.7.2(2,3)] Жылжуға жұмыс істейтін көлденең арматураны ескерген кезде тік арматураланған тас қабырғалар үшін келесі шарт орындалуы тиіс:

$$V_{Ed} \leq V_{Rd1} + V_{Rd2}, \quad (8.3)$$

мұндағы V_{Rd1} - (8.2) формуласы бойынша анықталады;

V_{Rd2} – көлденең арматураның жұмысы есебінен қима қабылдайтын мына формула бойынша анықталатын көлденең күштің есептік мәні:

$$V_{Rd2} = 0,9 \cdot A_{sw} \cdot f_{yd}, \quad (8.4)$$

мұндағы A_{sw} – қабырғаның қарастыратын аймағында жылжуға жұмыс істейтін көлденең арматура қимасының жалпы ауданы;

f_{yd} – арматура болаттың есептік кедергісі.

Сонымен қатар мына шарт орындалуы тиіс:

$$\frac{V_{Rd1} + V_{Rd2}}{t \cdot l} \leq 2,0 \text{ МПа}, \quad (8.5)$$

мұндағы t – қабырға қалыңдығы;

l – қабырға ұзындығы немесе биіктігі.

8.2.3 [J(1)] V_{Rd1} мәнін анықтаған кезде мына формула бойынша анықталатын тас қалаудың жылжуға есептік кедергісінің f_{vd} жоғары есептік мәнін қолдануға болады:

$$f_{vd} = \frac{(0,35 + 17,5\rho)}{\gamma_m}, \quad (8.6)$$

$f_{vd} \frac{0,7}{\gamma_m}$ артық емес болған жағдайда,

мұндағы

$$\rho = \frac{A_s}{b \cdot d}, \quad (8.7)$$

мұндағы A_s – негізгі арматураның көлденең қимасының ауданы;

b – көлденең қима ені;

d – көлденең қиманың жұмысшы биіктігі;

γ_M – тас қалауға арналған жеке қауіпсіздік коэффициенті.

8.3 Тік жүктемелерге есептеу

8.3.1 [6.7.3(1)] Егер көлденең күштің әсеріне арматураланған тас арқалықтарды есептеулерде арматура ескерілмейтін болса, келесі шарт орындалуы тиіс:

$$V_{Ed} \leq V_{Rd1}, \quad (8.8)$$

мұндағы V_{Rd1} – мына формула бойынша анықталады:

$$V_{Rd1} = f_{vd} \cdot b \cdot d. \quad (8.9)$$

мұндағы f_{vd} – ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 нормасының 2.4.1-т. және 3.6.2-т. сәйкес тас қалаудың және 2.4.1-т. және 3.3-т. сәйкес толтыруға арналған бетонның қиылуының (жылжуының) есептік кедергісінің кіші мәні;

b – көлденең күш әсеріне есептеуге алынатын арқалықтардың минималды ені;

d – көлденең қиманың жұмысшы биіктігі.

8.3.2 [6.7.3(3,4)] Есептеулерде тас арқалықтар арматурасының көлденең күшке әсерін ескерген жағдайда келесі шарт орындалуы тиіс:

$$V_{Ed} \leq V_{Rd1} + V_{Rd2}, \quad (8.10)$$

мұндағы V_{Rd1} (8.9) формуласы бойынша, ал V_{Rd2} мына формула бойынша анықталады:

$$V_{Rd2} = 0,9d \cdot \frac{A_{sw}}{s} \cdot f_{yd}(1 + \cot \alpha) \sin \alpha, \quad (8.11)$$

мұндағы d – арқалықтардың көлденең қимасының жұмысшы биіктігі;

A_{sw} – бір жазықтықта орнатылған және жылжуға жұмыс істейтін көлденең арматура (қамыттар) қимасының ауданы;

s – көлденең арматура (қамыттар) арасындағы арақашықтық;

α – 45° бастап 90° дейінгі арқалықтар осіне қатысты жылжуға жұмыс істейтін көлденең арматураның (қамыттардың) көлбеу бұрышы;

f_{yd} – арматура болаттың есептік кедергісі.

Сонымен қатар мына шарт орындалуы тиіс:

$$V_{Rd1} + V_{Rd2} \leq 0,25 \cdot f_d \cdot b \cdot d, \quad (8.12)$$

мұндағы f_d – ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 нормасының 2.4.1-т. және 3.6.2-т. сәйкес жүктеме бағытында тас қалаудың және 2.4.1-т. және 3.3-т. сәйкес толтыруға арналған бетонның сығылуға есептік кедергісі мәндерінің кішісі;

b – көлденең күш әсеріне есептеуге алынатын арқалықтардың минималды ені.

8.3.3 [6.7.4(1)] Көлденең күш әсері кезінде арқалықтар-қабырғаларды есептеуді ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 6.7.3-т. сәйкес жүргізу қажет. Бұл үшін тірек қыры бойынша көлденең күштің есептік мәні V_{Ed} және арқалықтардың көлденең қимасының жұмысшы биіктігі ретінде $d = 1,3z$ алынады.

8.3.4 [J(2)] Жылжымалы тіректері бар арқалықтарды арматуралау үшін (топсалы тіреу кезінде) немесе қиылу иінінің (жылжу аймағының) a_v көлденең қиманың жұмысшы биіктігіне d қатынасы 6 кіші немесе тең болатын бекітілген тірек қабырғалар кезінде f_{vd} мәнін χ коэффициентіне арттыруға болады, мұндағы

$$\chi = \left[2,5 - 0,25 \frac{a_v}{d} \right], \quad (8.13)$$

f_{vd} мәні $1,75/\gamma_M$ Н/мм² артық болмаған жағдайда.


Қиылу иінін (Жылжу аймағының ұзындығын) a_v көлденең қимадағы максималды иілу моментін қимадағы максималды көлденең күшке бөлудің бөліндісі ретінде анықтайды.

МЫСАЛ

Берілді: $V = 60$ кН көлденең жүктемені қабылдайтын үш қабатты үйдің бірінші қабатының шетжақты қабырғасы. Жоғары орналасқан конструкциялардан қарастырылып отырған шетжақты қабырғаға есептік тік жүктеме $P = 720$ кН құрайды. Қима ені $1,0$ м және қалыңдығы $t = 12$ см қабырғаның аралық қабырғалары жоспардағы өлшемі 12×25 см ($f_b = 25$ МПа) қуысты бетон блоктарға орналасқан диаметрі 12 мм ($A_s = 1,13$ см²) тік арматурамен арматураланған. Қуысты блоктағы бір канал қимасының ауданы $A_k = 6 \times 8 = 48$ см² құрайды (8.5-сурет). Қалау М15 маркасындағы ерітіндіде жасалған. Арматуралардың орналасқан орындарында қуыстарды толтыру материалы С20/25 класының бетоны болып табылады.

Талап етіледі: Шетжақты қабырғаның жылжу күшінің $V = 60$ кН әсеріне көтергіш қабілетін тексеру қажет.

а)



1 - толтыруға арналған бетон, 2 - тік арматура

8.5-сурет – Қуысты бетон блоктардан (б) жасалған үйдің шетжақты қабырғасы (а)

Шешімі: Сығылу және жылжуға жұмыс істейтін шетжақты қабырға қимасының ауданы (қимасы $0,12 \times 1,0$ м 3 аралық қабырға) $A_d = 0,36 \text{ м}^2$ құрайды.

Сығылу кезіндегі беріктіктің сипаттамалық кедергісін (5.1) формула бойынша анықтаймыз

$$f_k = K f_b^{0,7} f_m^{0,3} = 0,35 \times 25^{0,7} \times 15^3 = 7,5 \text{ МПа},$$

мұнда 5.2-кесте бойынша $K = 0,35$.

$\gamma_m = 1,7$ қауіпсіздік коэффициенті кезіндегі қалаудың есептік сығылу кедергісі

$$f_d = f_k / \gamma_m = 7,5 / 1,7 = 4,4 \text{ МПа}.$$

құрайды.

Бұдан кейінгі есептеулер үшін қажет қабырға материалының механикалық сипаттамаларын белгілейміз:

- $f_{vk0} = 0,2$ МПа жылжу кезіндегі қабырғалар қалауының бастапқы сипаттамалық кедергісі (3.4-кесте ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011);

- $f_{cvk} = 0,39$ МПа жылжу кезіндегі толтыруға арналған бетонның бастапқы сипаттамалық кедергісі (3.2-кесте ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011).

$\gamma_m = 1,5$ қауіпсіздік коэффициенті кезіндегі толтыруға арналған бетонның есептік сығылу кедергісі

$$f_{vd} = f_{vk} / \gamma_m = 0,39 / 1,5 = 0,26 \text{ МПа}$$

құрайды.

Тік жүктеме P әсерінен аралық қабырғалар қабылдайтын есептік сығылу кернеуін σ_d анықтаймыз:

$$\sigma_d = P / A_d = 720 \times 10^{-3} / 0,36 = 2,0 \text{ МПа}$$

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 (3.5) формуласы бойынша сығылу кернеулерінің σ_d әсерін ескере отырып, қалаудың сипаттамалық сығылу кедергісін анықтаймыз

$$f_{vk} = f_{vk0} + 0,4 \sigma_d = 0,2 + 0,4 \times 2,0 = 1,0 \text{ МПа} < 0,065 f_b = 0,065 \times 25 = 1,56 \text{ МПа}$$

$\gamma_m = 1,7$ қауіпсіздік коэффициенті кезіндегі қалаудың есептік жылжу кедергісі

$$f_{vd} = f_{vk} / \gamma_m = 1,0 / 1,7 = 0,59 \text{ МПа}$$

құрайды.

Жылжу кезіндегі қалаудың көтергіш қабілеті

$$V_{Rd1} = f_{vd} \cdot A_d = 0,59 \times 0,36 \times 10^5 = 212 \text{ кН}$$

Жылжу кезіндегі бетон толтырғыштың көтергіш қабілеті (әрқайсысының қимасы $A_k = 48 \text{ см}^2 = 0,0048 \text{ м}^2$ 12 тік арналар)

$$V_{Rd1} = 12 \cdot f_{vd} \cdot A_k = 12 \times 0,26 \times 0,0048 \times 10^5 = 15,0 \text{ кН}$$

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 6.7.2(1)-т. сәйкес $V_{Rd1} = 15,0 \text{ кН}$ кіші мәнді аламыз. $V_{Rd1} = 15,0 \text{ кН} < V_{Ed} = V = 60 \text{ кН}$ болғандықтан жылжу кезіндегі көтергіш қабілет қамтамасыз етілмейді.

Қалаудың жылжуға кедергісін тік арматураның әсерін ескере отырып, арттыруға болады. 8.2.5-т. сәйкес анықтаймыз

$$\rho = \frac{A_s}{bd} = 12 \times 1,13 / (12 \times 300) = 0,0038$$

$$f_{vd} = (0,35 + 17,5\rho) / \gamma_m = (0,35 + 17,5 \times 0,0038) / 1,7 = 0,245 \text{ МПа}$$

Тік арматуралауды ескере отырып, жылжу кезіндегі қалаудың көтергіш қабілеті

$$V_{Rd1} = f_{vd} \cdot A_d = 0,245 \times 0,36 \times 10^5 = 88,2 \text{ кН} > V_{Ed} = V = 60 \text{ кН}$$

Жылжу кезіндегі көтергіш қабілет шарты қамтамасыз етілген.

9 АЛДЫН АЛА КЕРНЕЛГЕН КОНСТРУКЦИЯЛАР

9.1 Тас қалауды алдын ала кернеуді созу кернеулері әсері кезінде оның жарық түзуге төзімділігін арттыру және пайдалану жүктемелерінен иілімдерін азайту мақсатында орындау қажет. Алдын ала кернеуге қуысты тастармен және блоктармен салыстырған кезде сығылу кезінде жоғары беріктікке ие тұтас керамикалық тастардан жасалған тас қалауды түсіруге болады. Сонымен қатар керамикалық тастардан жасалған қалау силикат және бетоннан жасалған тастармен салыстырғанда шөгу және жылжығыштығы төмен, бұл алдын ала кернеуді жоғалтуды азайтуға себепші болады.


9.2 Тас қалаудың тік алдын ала кернелуі (бастырылуы) оның жылжуға кедергісінің артуына алып келеді, бұл сейсмикалық әсерлер кезінде өте маңызды [2].

9.3 Тас қалауды алдын ала кернеу үшін әдеттегі болатпен салыстырған кезде кернеудің төмен релаксациясымен, сәйкесінше алдын ала кернеуді аз жоғалтумен

сипатталатын шыбықтар немесе арқандар түріндегі беріктігі жоғары болатты қолдану қажет.

9.4 Коррозияның алдын алу үшін қабырғалардың тік арналарына және іздеріне орналасқан алдын ала кернелген арматура оларды қалау ерітіндісімен немесе құю бетонымен толтыру арқылы қорғалуы тиіс немесе гидроокшаулағын материалдардан жасалған арнайы қорғаныш қабаты болуы тиіс.

9.5 Алдын ала кернелген арматурасы бар қабырғаларды тұрғызған кезде арматура шыбықтардың (арқан, өрме және т.б.) қалаумен ұстасуының алдын алу қажет. Осыған сырғымалы арна түзушілердің қалауларын тұрғызған кезде қолдану арқылы қол жеткізуге болады (9.1-сурет).



1 – кернелетін арматура, 2 – жылжымалы арна түзуші, 3 – тік ерітінді жіктері


9.1-сурет – Сырғымалы арна түзушілер көмегімен кернелетін арматурамен тас қабырғаларды тұрғызу [2]

9.6 Алдын ала кернелген арматураның қабырға қалыңдығының осіне қатысты симметриялық немесе асимметриялық орналасуы қабырғаға көлденең жүктемелер әсерінің шамасы және бағыттарына тәуелді есептеу жолымен жүргізіледі.

9.7 [7.4(2)] Алдын ала кернелген конструкцияларды алдын ала кернеу күшін конструкцияға берген кезде пайдалану жүктемесіне (1 тең қауіпсіздіктің дербес коэффициенттері кезінде), сонымен қатар алдын ала кернеуді толық жоғалтқаннан кейін шекті күйлердің бірінші тобы үшін есептік жүктемеге есептеу қажет.

9.8 Тас қалауда алдын ала кернеудің жоғалуын анықтаған кезде (9.2-сурет) [19]:

- тас қалаудың жылжығыштығының деформациясын;
- арматурадағы кернеу релаксациясын;
- кебу және ылғалдану нәтижесінде тас қалаудың деформациясын;
- арматура және тас қалаудың температуралық деформацияларын;
- алдын ала кернелген арматураны анкерлеу аймақтарындағы қалаудың жұмсару деформациясын ескеру қажет.



1 – алдын ала кернеуден кейінгі күй, 2 – артық жүктеме әсерінен қалаудағы серпімді деформация шамасы, 3 – шөгу және жылжығыштық деформациясы

9.2-сурет – Алдын ала кернеуді жоғалтуды анықтауға [19]

9.9 ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 нормалары алдын ала кернелген тас қалауды есептеу нормалары мен әдістерінің толық нұсқамаларынан тұрмайды. Нормалардың 6.8.2(1)-т. тек иілетін элементтерді, ал 6.8.2(4) – сығылған элементтерді есептеуге жалпы алдын ала сілтемелер берілген. Тас конструкцияларды алдын ала кернеу технологиясы ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (9.1.4) сәйкес темірбетон конструкциялардың алдын ала кернеуімен ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 нормаларымен сәйкестендіріледі.

9.10 Алдын ала кернелген тас конструкцияларды есептеу жөніндегі қосымшалар [19] жұмысында берілген. Алдын ала кернелген тас конструкциялар туралы ақпараттық сипаттағы деректер осы құралдың Г қосымшасында берілген.

10 ПАЙДАЛАНУ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЕКТІ КҮЙІ

10.1 [7.3(4)] Қалыпты пайдалануға жарамдылығы бойынша шекті күйде жарықтардың ашылу енін шектеу иілу моменті кезінде егер элемент өлшемдері 5.5.2.5 сәйкес келсе тас қалаудан тұратын арматураланған құрылыс элементтерінде, мысалы, арматураланған арқалықтарда қамтамасыз етілді деп саналады және жобалауды ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 талаптарына сәйкес жүргізеді.

10.2 [7.3(3)] Жарықтардың ашылу енін шектеу үшін қиманың төменгі (созылған) бөлігінде негізгі арматураның үстіне арқалықтың төменгі бөлігінен $0,5l_{ef}$ немесе $0,5d$ (мәндердің кішісі бойынша) биіктікте көлденең жіктерге қосымша арматураны төсейді.

10.3 Қабырға жазықтығында тас қалау жылжыған кезде жарықтардың пайда болуын шектеу үшін [5] жұмыста жалпылама зертханалық зерттеулер және шетелдік деректерді жинақтау нәтижесінде келесі қағидаларды ұсынады:

$$\theta_{sd} < \theta_{adm}, \quad (10.1)$$

мұндағы қалаудың қиғаш бұрышының шекті мәні θ_{adm} (миллирадианмен алынған) тастардың және қалау ерітіндісінің түріне тәуелді:

- 1-топ тастары үшін цемент ерітінділер үшін $\theta_{adm} = 0,4$ және цемент-әктас ерітінділері үшін $\theta_{adm} = 0,5$;

- 2,3 және 4-топтардың тастары үшін цемент ерітінділер үшін $\Theta_{adm} = 0,3$ және цемент-әктас ерітінділері үшін $\Theta_{adm} = 0,4$;

- ұяшықты бетоннан жасалған тас блоктар үшін цемент ерітінділер үшін $\Theta_{adm} = 0,2$ және цемент-әктас ерітінділері үшін $\Theta_{adm} = 0,3$.

10.4 Көлденең жүктеме әсері кезінде V_{Sd} (10.1) өрнегіндегі қиғаш бұрыш келесі формула бойынша анықталады:

$$\Theta_{Sd} = V_{Sd} / (0,2 \cdot E \cdot A), \quad (10.2)$$

мұндағы E – қалаудың серпімділік модулі;


A – қарастырылып отырған қабырғаның көлденең қимасының ауданы.

10.5 Іргетастар біркелкі емес шөккен кездегі (10.1 б,в-сурет) (10.1) өрнегіндегі қалаудың қиғаш бұрышы мына формула бойынша анықталады:

$$\Theta_{Sd} = (u_i - u_{i+1}) / l_i, \quad (10.3)$$

мұндағы u – іргетастардың тік шөгулерінің шамасы;

l – қабырғаның бөлінген бөлігінің ұзындығы, мысалы, көлденең қабырғалар немесе терезе ойықтары арасында.



10.1-сурет – Көлденең (а) және тік (б) жылжу кезіндегі тас қалаудың қиғаштығы және іргетастар біркелкі емес шөккен кезде Θ_{Sd} шамасын анықтау тәсілі [5]

10.6 Іргетастар біркелкі емес шөккен кезде, мысалы, дайындалатын аумақтарда [5] жұмыстың деректеріне сәйкес қалаудың қиғаштығының шекті мәнін Θ_{adm} шамасына арттыруға болады:

$$\Theta_{adm} (1 + \eta_E \Phi_{\infty}), \quad (10.4)$$

мұндағы Φ_{∞} - тас қалаудың жылжығыштығы коэффициентінің шекті мәні;

η_E – тас конструкцияда ішкі күштердің қайта бөлінуін ескеретін коэффициент (ұсынылатын мәні $\eta_E = 1,5$).

МЫСАЛ


Берілді: Дайындалған аумаққа тұрғызылатын бір қабатты тас үй. Үй қабырғалары цемент-эктас ерітіндісінде ұяшықты бетон блоктардан жасалған. Пайдалану уақытында ғимараттың шетжақ бөлігі $u = 5$ мм шамасына дейін біркелкі емес (10.2-сурет) шөгуі мүмкін.

Талап етіледі: Қабырғада жарықтардың пайда болуы болмайтын үйдің шетжақ бөлігіндегі шөгу аймағының ұзындығының критикалық мәнін анықтау қажет.

Шешімі: 10.4.3-т. сәйкес ұяшықты бетон блоктардан жасалған қалаудың қиғаштық бұрышының шекті мәні $\Theta_{adm} = 0,3$ миллирадианды құрайды. 5.3-кестеге сәйкес қалау жылжығыштығы коэффициентінің шекті мәнін $\Phi_{\infty} = 1,1$ деп аламыз. Шөгудің ұзақ мерзімді әсерін ескере отырып, (10.4) формула бойынша Θ_{adm} түзетілген мәні $\Theta_{adm} = 0,3 (1 + 1,5 \times 1,1) \times 10^{-3} = 0,0008$ радиан құрайды. (10.1) шартынан және (10.3) формуласынан шөгу аймағы ұзындығының критикалық мәні құрайды:

$$l = u / \Theta_{adm} = 5 / 0,0008 = 6250 \text{ мм} = 6,25 \text{ м}$$

Карастырылып отырған жағдайда жарықтардың пайда болуының алдын алу үшін қалауды көлденең арматуралау ұсынылады.




10.2-сурет – Ғимараттың шетжақ бөлігінде іргетастардың біркелкі еме шөгуі кезінде жарықтың 1 пайда болуы

11 КОНСТРУКТИВТІК ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР


11.1 Арматураның көлденең ерітінді жіктерімен жанасуын қамтамасыз ету үшін соңғысының қалыңдығы арматура диаметрінен кем дегенде 5 мм қалың, ал арматура мен бүйірлік қалау беттерінің арасындағы ара қашықтық кем дегенде 15 мм болуы қажет (11.1-сурет). Арматуралық торлар олардың ерітіндімен жанасуын қамтамасыз ету және арматура коррозиясының алдын алу мақсатында қалау жіктеріне торды қалау ерітіндісімен толық бүркеу арқылы қаланады. Осы мақсатта тор шыбықтары жасанды материалдардан жасалған қашықтықтағы бекіткіштермен жабдықталуы қажет (11.2-сурет).

11.2 Науалы тас блоктарда көлденең арматураны жайғастыру үшін науалардың минималды өлшемі 11.3-суретте келтірілген мәндерге сәйкес келуі тиіс.



1 – стандарт және жеңіл ерітінділер үшін

11.1-сурет – Көлденең жіктердегі арматураға арналған қорғаныс қабаты
[ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011]




1 – қашықтықтағы бекіткіштер, 2 - арматура

11.2-сурет – Қашықтықтан бекіткіштер көмегімен көлденең ерітінді жіктеріндегі арматураға арналған қорғаныс қабатының бірыңғай қалыңдығын қамтамасыз ету [3]

а)


б)




11.3-сурет – Тас блоктарынан тұратын көлденең қалау жіктеріндегі бірлік (а) және қосарлы (б) арматуралардың орналасуы [10]

11.3 Бойлық арматуралауды арматура шыбықтарын қабат биіктігі бойынша тас блоктарының қуысына енгізу және қуыстарды 10 мм фракциялы толтырғыштардан тұратын пластифицирленген жылжымалы бетон қоспасымен кейінгі реттік бетондау арқылы орындаған жөн. Қысу қызметін атқаратын арматура шыбықтарының түйіскен жерлерінде нығыздау көлемі кем дегенде арматура шыбығының 10 диаметрін құрауы қажет. Ал созу қызметі жағдайында бұл көрсеткіш 20 арматуралық шыбық диаметрін құрауы тиіс.

11.4 Тас блоктардың бос қуыстары толтырылатын бетон мен арматураның жанасуын қамтамасыз ету үшін, тік қуыстардың минималды өлшемі 11.4-суретте көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес келуі қажет. Көп қабатты қабырғалардың ішкі арматураланған бетон қабатының минималды қалыңдығы 11.5-суретте келтірілген.



11.4-сурет – Бос тас блоктардың бетонмен толтырылатын арналарындағы тік арматура шыбықтарының орналасуы [10]




11.5-сурет – Көп қабатты қалау орнының бетонмен толтырылатын қуыстарындағы көлденең және тік арматура шыбықтарының орналасуы [10]

11.5 Арматураның көлденең қимасының минималды ауданы кем дегенде төмендегідей болуы қажет:

- құрылыс элементінің тас қалауы қимасының тиімді ауданының 0,5 %, мұнда арматура оның беріктігін есепке ала отырып ескеріледі;
- қабырғаның жалпы көлденең қимасының 0,03 %, мұнда арматура оның жарылуға беріктілігін арттыру мақсатында қолданылады;
- жылжыту қызметін атқаратын тас конструкцияның жалпы көлденең қимасының 0,05 %;
- көлденең күш түсіру әрекеттеріне қызмет ететін қабырғаның көлденең қимасының жалпы ауданының 0,03 %;
- алдын ала күш түсірілетін конструкция элементінің көлденең қимасының жалпы ауданының 0,05 %, мұнда көлденең арматура негізгі арматураны анкерлеу аймағындағы қысымды тарату үшін қолданылады.

11.6 Арматура шыбықтарының минималды диаметрі 5 мм болуы тиіс. Қалыңдығы (0,5-3) мм болатын жіңішке желімді ерітінді жіктерінде таспен қалау кезінде қоспа материалдардан жасалған арматура торларын қолдану ұсынылады (5.5-сурет). Егер арматуралық бұйым конструктивті емес түрде қолданылса, онда дәнекерленген немесе тоқылған болат торлардың бойлық шыбықтарының диаметрі кем дегенде 1.25 мм болуы, ал болат тоқылған тордағы бойлық шыбықтар айналасындағы көлденең сым орамдарының саны кем дегенде 1,5 болуы қажет.

11.7 [8.2.5.1(2,3)] Құрылыс ерітіндісіне немесе бетонға арматураны анкерлеуді шыбықтардың тікелей ұштарының, ілгіштер мен топсалардың (8.3-сурет) көмегімен немесе анкерлік тіректер арқылы жүзеге асыруға болады. Бұған балама ретінде, тиісті анкерлік тіректер арқылы күш түсіруге болады. Түзу шыбық ұштарымен немесе ілгіштердің көмегімен анкерлеуді диаметрі 8 мм асатын тегіс шыбықтар үшін қолданбаған жөн. Ілгіштер мен топсалар қысыңқы арматура үшін қолданылмайды.



11.6-сурет – Арматураның анкерлік бекіту элементтері
[ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011]

11.8 [8.2.5.1(4,5)] Жанасудың тұрақты күш түсіруі жағдайында, l_b тікелей арматура шыбықтарын анкерлеу аймағының қажетті ұзындығын мына формула бойынша анықтаған жөн:

$$l_b = \gamma_m \frac{\phi}{4} \cdot \frac{f_{yd}}{f_{bod}}, \quad (11.1)$$

мұндағы ϕ – арматураның тиімді диаметрі;


f_{yd} – ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 2.4.1-т. және 3.4.2-т. сәйкес арматураның есептік кедергісі;

f_{bod} – 3.5 немесе 3.6-кестенің, сонымен қатар, ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 3.6.4-т. және 2.4.1-т. талаптарына байланысты арматураның жанасуының есептік кедергісі.

Ілгіштерден және топсалардан тұратын шыбық ұштары үшін созылмалы күш түсіру кезіндегі шыбықтарды анкерлеу аймағының ұзындығын $0,7l_b$ дейін қысқартуға рұқсат етіледі.

11.9 [8.2.5.1(7)] Арматура шыбықтарын анкерлеу аймағының ұзындығы бойынша бірқалыпты таратылған көлденең арматура қарастырылуы тиіс, мұндағы кем дегенде бір шыбық иілген анкерлеу аймағында орналасуы қажет. Көлденең арматура қимасының жалпы ауданы анкерлеу аймағының ұзындық бойына бекітілген арматура шыбығының көлденең қимасы ауданының кем дегенде 25 % құрауы тиіс.

11.10 [8.2.5.1(8)] Көлденең жіктердегі арматура торларын анкерлеу аймағының ұзындығын ҚР СТ EN 846-2 сәйкес сынақтар негізінде алынған нормативтік жанасу беріктігі бойынша анықтаған жөн. Созылған арматураны тас тіреуіштердің үстінен анкерлеу қағидалары 11.7-суретте көрсетілген.



11.7-сурет – Созылған арматураны аралық (а) және шеткі (б) тас тіреуіштердің үстінен анкерлеу қағидалары [3]

11.11 [8.2.5.2] Екі арматура шыбығының l_b айқаспалы түйісінің ұзындығын (11.1) формула бойынша анықтаған жөн. Іс жүзіндегі түйіс ұзындығын мынаған тең деп алу қажет (11.8-сурет):


l_b – қимада 30 % төмен шыбықтар түйіскен болуы және көлденең бағытта түйіскен шыбықтар арасындағы ара қашықтық шыбық диаметрінің он еселенген мәнінен кем емес болуы жағдайындағы қысылу және созылу кезіндегі арматура шыбықтары үшін,

$1,4l_b$ – қимада шыбықтардың 30 % және одан көп бөлігінің түйісуі немесе көлденең бағытта түйіскен шыбықтар арасындағы ара қашықтық шыбық диаметрінің он еселенген мәнінен кем болуы жағдайындағы созылу кезіндегі арматура шыбықтары үшін,

$2l_b$ – қимада шыбықтардың 30 % және одан көп бөлігінің түйісуі немесе көлденең бағытта түйіскен шыбықтар арасындағы ара қашықтық шыбық диаметрінің он еселенген мәнінен кем болуы жағдайындағы созылу кезіндегі арматура шыбықтары үшін.


11.12 [8.2.5.2(5)] Көлденең жіктерде арматуралық торларды қолдану кезінде түйісу ұзындығын ҚР СТ EN 846-2 сәйкес сынақтар негізінде нормативтік жанасу беріктілігінің көмегімен анықтайды.

11.13 [8.2.5.3(1)] Жылжыту қызметін атқаратын арматураны анкерлеуді 11.9-суреттегі сызбаларға сәйкес жүзеге асырған жөн.



1 – тас қабырға, 2 – арматура, 3 - арматураның түйіскен жерлеріндегі айқас жабынның арматура шыбықтары

11.8-сурет – Арматураның түйісу орындарындағы айқас жабын ұзындығы [33]



а) Бұрыштық ілгішпен

б) Ілгішпен

1) 10 ϕ немесе 70 мм, үлкен мән қолданылады;

2) 5 ϕ немесе 50 мм, үлкен мән қолданылады.

**11.9-сурет – Жылжыту қызметін атқаратын арматураны анкерлеу
[ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011]**


11.14 [8.2.5.4(1)] Шыбықтардан өзге, элементтің барлық бойымен өтетін, иілу қызметін атқаратын құрылыс элементтерінде, соның ішінде, тіреуіштерде әрбір арматура шыбығының есеп бойынша талап етілмейтін қимасының анкерлеу аймағының ұзындығы элемент қимасының жұмыстық биіктігіне тең немесе шыбықтың 12 еселенген мәніне тең болуы қажет. Екі мәннің үлкенін қолданады. Мүмкін болатын барлық есептік күш түсіру жағдайларында келесі талаптардың тым болмаса біреуі орындалмаса, арматура тартылу аймағынан жұлынбауы тиіс:

– арматура шыбықтары теориялық жұлыну нүктесінен анкерлеу аймағының қажетті ұзындығынан шығып кетсе;

– арматура аяқталатын қимадағы жылжу кезіндегі қиманың іс жүзіндегі беріктігі бұл қимадағы есептік жылжыту күшінен 2 есеге асып түседі;

– бойлық арматура бөлігінің жұлыну қимасындағы толық ұзындық бойымен өтетін бойлық арматура қимасының ауданы иілу сәтін қабылдауға қажетті арматура қимасының ауданынан 2 есеге асып түседі.

11.15 [8.2.6] Қысылған арматура шыбықтарының беріктігін жоғалтуын болдырмау үшін, диаметрі кем дегенде 4 мм болатын және бойлық шыбықтардың максималды диаметрінің 0.25 құрайтын көлденең арматура немесе қамыттар қолдану қажет. Қамыттар арасындағы ара қашықтық келесі мәндердің ең кішісінен аспауы тиіс: қабырғаның минималды көлденең өлшемінің немесе 300 мм немесе көлденең арматура диаметрінің 12 еселенген мәнінің ең кішісі (11.10-сурет).



11.10-сурет – ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 сәйкес тас қабырғалардағы арматураның минималды өлшемдері (мм түрінде) [3]

11.16 [8.2.7] Көршілес параллель орналасқан арматура шыбықтары арасындағы ара қашықтық толтырғыштың ірі фракциясының өлшемі мен оған қосылатын 5 мм немесе шыбық диаметрінен немесе 10 мм кіші болмауы қажет. Мәндердің ішіндегі ең үлкені қолданылады. Жылжыту қызметін атқаратын арматура жағдайында қамыттар арасындағы ара қашықтық конструкция элементінің көлденең қимасының жұмыстық биіктігі мәнінің 0,75-нен немесе 300 мм аспауы тиіс. Кіші мән қолданылады. Егер жұмыстық арматура арналарға немесе бос денелі блок қуыстарына немесе ұлғайтылған монолитті тік жіктерге (қалау қалталарында) негізделетін болса, онда жұмыстық арматура қимасының жалпы ауданы бетон қимасының немесе арна ерітінділерінің немесе қалталар қимасының 4 %-нан аспауы қажет. Бойлық арматураның түйісу аймақтарында бұл мән 8 % аспауы тиіс.

11.17 [6.3.10(4)] Қорғалмаған конструкциялық болатты қолдану кезінде арматура қорғанысын қалыңдығы c_{nom} болатын бетон қабаты қамтамасыз етуі қажет, оның ұлттық қосымшаға сәйкес ұсынылған мәндері 11.1-кестеде келтірілген.

11.18 [3.3.2(3)P] ҚР ҚН EN 1996-2:2006/2011 сәйкес қолдану кезінде толтыруға арналған бетонның ыңғайлы төселгіштігі (технологиялығы) аралық кеңістіктің толықтай толтырылуын қамтамасыз етуі тиіс.

11.19 [3.3.2(4)] S3 бастап S5 дейін конустың шөгу кластары немесе ҚР СТ EN 206-1 сәйкес F4 бастап F6 дейін жайылу кластары көптеген жағдайда белгіленген талаптарға сәйкес келеді. Минималды өлшемі 85 мм қуыстарда S5 немесе S6 конус шөгу кластарын қолдану қажет. Аққыштығы жоғары бетондарды қолданған кезде бетонның қатты шөгуін төмендету шараларын қарастыру қажет.

11.20 [3.3.2(5)] Бетондағы толтырғыштардың максималды өлшемі 20 мм аспауы тиіс. Минималды өлшемі 100 мм немесе арматураның бетон қабатының биіктігі 25 мм төмен болатын аралық кеңістіктерді толтыру кезінде түйірдің максималды өлшемі 10 мм аспауы қажет.

11.1-кесте – Конструкциялық болаттан жасалған арматураға арналған бетонның

қорғаныстық қабатының $c_{\text{ном}}$ минималды қалыңдығының ұсынылған мәндері
[ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011]

Қоршаған орта класы	Цементтің минималды мөлшері ^{a)} , кг/м ³				
	275	300	325	350	400
	Максималды су-цемент қатынасы				
	0,65	0,60	0,55	0,50	0,45
	Бетонның қорғаныстық қабаты қалыңдығының минималды мәндері, мм				
MX1 ^{b)}	20	20	20 ^{c)}	20 ^{c)}	20 ^{c)}
MX2	—	35	30	25	20
MX3	—	—	40	30	25
MX4 и MX5	—	—	—	60 ^{d)}	50

^{a)} Қоспа құрамы номиналды фракция өлшемінің мәні 20 мм аспайтын стандарт толтырғыштарды қолдануға негізделген. Өзге фракция өлшемдерін қолдану кезінде түйір өлшемдері 14 мм дейінгі толтырғыштар үшін цемент мөлшерін 20 %, ал түйір өлшемі 10 мм дейінгі толтырғыштар үшін 40 % арттырады.

^{b)} MX1 қоршаған орта класына сәйкес келу үшін, минималды бетон төсемінің 15 мм болуы кезінде, балама түрде 1 : 0 – ¼ : 3 : 2 (цемент: әктас: құм: көлемдік үлес түрінде түйірінің өлшемі 10 мм болатын толтырғыш) қатынасындағы қоспаны қолдануға рұқсат етіледі.


^{c)} Егер толтырғыш түйірі өлшемінің номиналды мәні 10 мм аспайтын болса, бетон төсемінің көрсеткішін 15 мм түріндегі минималды мәнге дейін төмендетуге болады.

^{d)} Ылғалды бетонның үсіп қалу қаупі бар болған жағдайда, аязға төзімді бетон қолдану қажет.


А қосымшасы
(ақпараттық)

Көлденең ерітінді жіктерді арматуралау


а)




б)




в)



г)




д)




1 – көлденең арматура

А.1-сурет – Созылу кернеулері шоғырланған аймақтарда қалаудың көлденең ерітінді жіктерінде арматураның орналасуы: есік (а) және терезе (б, в, г) ойықтарында, биіктігі төмендейтін қабырға бөліктерінде (д) [22]




1 - көлденең арматура, 2 – анкерлік пластиналар, 3 – еден сылағы, 4 – темірбетон қаңқа, 5 – арақабырға және аражабын арасындағы деформациялық жік, 6 – аражабын

А.2-сурет – Есік ойықтары жоқ (а) және есік ойықтары бар (б) қатты иілген аражабындарда тұрғызылатын өздігінен көтергіш тас арақабырғаларды арматуралау [22]




1 – көлденең арматура шыбықтар

А.3-сурет – Ұяшықты бетон блоктардан жасалған тас қабырғалардың терезе алды бөліктерін көлденеңінен арматуралау [25]




1 – темірбетон аражабын, 2 – көлденең деформациялық жік, 3 – көлденең тас қабырға,
4 – арақабырғаның тас блоктары, 5 – көлденең арматура шыбықтар, 6 – арматураны төсеуге
арналған тас блоктардағы көлденең жырашықтар, 7 – саңылау, 8 – тік дыбысоқшаулағыш төсеме

**А.4-сурет - Көлденең қабырғаларда тас арақабырғаларды оларды анкерлеумен
көлденең арматуралау: а) – қабырға қасбеті, б) – тас арақабырғаны көлденең
қабырғалармен түйінdestіру [25]**




1 – тас қалау, 2 – темірбетон қаңқамен 3 біріктірілген көлденең арматура

А.5-сурет – Сейсмикалық әсерге ұшырайтын ғимараттың темірбетон қаңқасының толтырғыш тас қабырғаларын арматуралау [6]




1 – көлденең арматура шыбықтар, 2 – көлденең жырашықтары бар тас блоктар


А.6-сурет -Арматураны төсеуге арналған көлденең жырашықтары бар тас блоктарды қолданумен тас қабырғаларды көлденең арматуралау [25]




А.7-сурет - Оң иілу моменті әсері кезінде тас ғимараттардың бұрыш аймақтарын Murfor торларымен көлденең арматуралау [34,35,36]



А.8-сурет - Теріс иілу моменті әсері кезінде тас ғимараттардың бұрыш аймақтарын Murfor торларымен көлденең арматуралау [34,35,36]




А.9-сурет – Көлденең ерітінді жіктердің ұзындығы бойынша Murfor арматура торларын түйістіру (өлшемдері мм) [34,35,36]




1 – қамыттар, 2 – арматура шыбықтар, 3 – арматурасы бар көлденең ерітінді жіктер, көлденең шыбықтар, 5 – арматура торлар (барлық өлшемдер мм)


А.10-сурет – Тас ғимараттардың бұрыштарын көлденең арматуралау және қабырғалардың арматура шыбықтармен (а,б) және торлармен (в) қиылысуы [6]



А.11-сурет – Ұяшықты бетон блоктардан жасалған қабырғалар үшін ұяшықты бетоннан жасалған зауытта дайындалған маңдайшаларды арматуралау [25]



А.12-сурет – Ұяшықты бетон блоктардан жасалған қабырғалар үшін ұяшықты бетоннан жасалған зауытта дайындалған маңдайшаларды арматуралау [25]




Murfor арматура торларының ерекшеліктері

Тип	Өлшемдері (мм)			
	a	b	c	d
GER/S - 50	50	406	5	3,75
GER/S - 100	100	406	5	3,75
GER/S - 150	150	406	5	3,75
GER/S - 180	180	406	5	3,75

А.13-сурет – Тас маңдайшаларды арматуралау үшін қолданылатын Murfor арматура торларының өлшемдері [34,35,36]


Б қосымшасы
(ақпараттық)

Тік (бойлық) арматуралау




1 – тік арматура

Б.1-сурет – Қалыңдығы 1,5 кірпіш тас қабырғаны тік арматуралау 1 [31]




1 – құйылатын бетон, 2 – арматура

Б.2-сурет – Көп қабатты қабырғаларды (а) және құдықты қалауы бар қабырғаларды (б) тік арматуралау [6]




1 – тік арматура, 2 – құйылатын бетон

Б.3-сурет – Бетон блоктардан жасалған қабырғаларды (а, б) және құдықты қалауы бар керамикалық тастардан жасалған қабырғаларды (в) тік арматуралау [13]




1 – тік арматура шыбықтар

Б.4-сурет – Құдықты қалауы (а) бар, жауырындық қабырғасы бар (б) қабырғаларды және сынық түрдегі қабырғаларды (в) тік арматуралау [13]




1 – бетон блоктар, 2 - толтыруға арналған бетон, 3 – тік арматура қаңқа

Б.5-сурет – Астау тәрізді бетон блоктардан жасалған қабырғаларды тік арматуралау




1 – тік арматура шыбықтар, 2 – қамыттар, 3 – толтыруға арналған бетон

Б.6-сурет – Тас қабырғалардың жауырындық қабырғаларын тік арматуралау тәсілдері [6]




Б.7-сурет – Қуысты бетон блоктардан жасалған жауырындық қабырғалары бар қабырғаларды тік арматуралау [8]




1 – жабынның ағаш арқалығы, 2 – жалғағыш элемент, 3 – бетонда элементті 2 анкерлеу, 4 – тік арматура, 5 – арматураны аяқас жабынға жалғау, 6 – іргетаста арматураны анкерлеу, 7 – іргетас, 8 – топырақ және еден арасындағы гидрооқшаулау


Б.8-сурет – Бетон блоктардан жасалған ішкі қабырғаны тік арматуралау [14]




Б.9-сурет – Тірек тас қабырғаларды тік арматуралау [13]



Б.10-сурет – Тас қабырғаларды штрабтар (а) және металл анкерлер (б) көмегімен қалаумен жалғанған тік темірбетон қойындылармен арматуралау [3]




Б.11-сурет – Арасындағы кеңістігі арматурамен және құйма бетонмен толтырылған қимасы астауша тәрізді тас блоктардан тұратын тік қойындылармен 1 жергілікті тас қабырғаларын арматуралау [7]




1 – тік арматура шыбықтар, 2 – қалауда арматура шыбықтардың бекіткішінің көлденең анкерлері,
3 – қалыптау

Б.12-сурет – Қабырғалардың тік ойықтарында арматураны тұтас құю арқылы қалауды арматуралау [6]




1 – тік шыбықты арматура, 2 – қалау ерітіндісі, 3 – толтыруға арналған бетон,
4 – алдын ала кернелген арматура

Б.13-сурет - Жертөле қабырғаларын арматуралау тәсілдері [6]



1 – арматура тор, 2 – тас қабырға, 3 – торкретбетон, 4 – торды тас қалаумен жалғайтын анкер


Б.14-сурет - Темірбетон қаптаманың тас қабырғаларын арматуралау [14]




1 – арматура торлар, 2 – тас қалау, 3 – торкретбетон

Б.15-сурет - Тас қабырғаларды темірбетон құрсамалармен арматуралау


а)



б)




в)



Б.16-сурет – Қуысты бетон блоктардан (а) және әртүрлі тәсілдермен байланған тастардан қабырғалармен тас ғимараттардың бұрыштарын тік арматуралау [3]

В қосымшасы
(ақпараттық)


Қабырғаларды аралас (көлденең және тік) арматуралау




1 – тік арматура, 2 – көлденең арматура

В.1-сурет – Тас қалауды аралас арматуралау [3]

а)




б)




1 – арматура, 2 – бетонмен толтыру

В.2-сурет – Қуысты бетон блоктардан жасалған қабырғаларда (а) және құдықты қалауы бар қабырғаларда (б) көлденең және тік арматураны салу [16,19,21]




1 – тік шыбықты арматура, 2 – тас сыртқы қабаттардың ерітінді жіктеріндегі көлденең арматура, 3 – ішкі бетон қабаттағы көлденең арматура

В.3-сурет – Ортаңғы қабаты құйма бетоннан жасалған үш қабаты тас қабырғаларды аралас арматуралау мысалдары [16,19]




1 – темірбетон блоктар, 2 – көлденең арматура торлар, 3 – тік арматура, 4 – көлденең шыбықты арматура, 5 – тұтас құю бетоны


В.4-сурет – Қуысты бетон блоктардан жасалған қабырғаны аралас арматуралау [19]



В.5-сурет – Murfor фирмасының тік 1 және көлденең 2 торларымен қабырғаларды арматуралау [33]




В.6-сурет – Murfor жүйесінде қуысты блоктардан жасалған қабырғаларды аралас арматуралау қағидасы [33]




1 – тік арматура, 2 – көлденең арматура

В.7-сурет – Терезе және есік ойықтары бар тас қабырғаларды арматуралау мысалы [12]




В түйіні

Қалаудың бірінші қатары




Қалаудың екінші қатары




1,2 – арматура шыбықтар, 3 – тас қалау, 4 – маңдайшалар деңгейіндегі темірбетон белдік, 5 – темірбетон жақтауша, 6 – іргетаста анкерленген тік арматура


В.8-сурет – Сейсмикалық әсерлерге ұшыратылған тас қабырғаларда терезе ойықтарын арматуралау тәсілдері [6]



В.9-сурет – Сейсмикалық әсерлер кезінде тас қабырғаны темірбетон қаңқамен тік және көлденең арматуралау [21]




В.10-сурет – Сейсмикалық әсерлер кезінде тас қабырғаны темірбетон қаңқамен тік және көлденең арматуралау [2,3]




1 – аражабын деңгейіндегі темірбетон арматуралаушы белдік, 2 – терезе және есік маңдайшаларындағы темірбетон арматуралаушы белдік, 3 – тік арматура

В.11-сурет – Қабырғаларды көлденең және тік арматуралау арқылы тас ғимараттың сейсмөтөзімділігін арттыру [6]




1 – темірбетон аражабын, 2 – жертіленің тас қабырғасы, 3 – көлденең арматуралау, 4 - қорғайтын тегістеме қабат, 5 – тік арматура, 6 – темірбетон еден, 7 – дренаж

В.12-сурет - Бетон блоктардан жасалған жертіле қабырғасын арматуралау [32]




1 – ағаш аражабын, 2 – тік арматура, 3 – көлденең арматура, 4 – гидроокшаулау, 5 – дренаж, 6 – жертөленің темірбетон плитасының арматурасы, 7 – бетон қабырға блоктары
В.13-сурет - Бетон блоктардан жасалған жертөле қабырғасын арматуралау [32]




1 – керамикалық көп қуысты блоктар, 2 – тік арматура, 3 – тұтас құймалы бетон, 4 – көлденең арматура, 5 – жабысқақ ерітінді, 6 – қаптама плита

В.14-сурет – Зауытта дайындалған тас қабырға панельді арматуралау [6]



1 – көлденең арматура, 2 – керамикалық қуысты блоктар, 3 – монтаждау түйіндері бар тік арматура

В.15-сурет – Зауытта дайындалған тас қабырға панельді арматуралау [6]




1 – қуысты блоктардан жасалған тас қабырға, 2 – көлденең арматура, 3 – толтырғыш бетон, 4 – тік арматура, 5 – аражабынның құрама темірбетон плиталары


В.16-сурет – Тас қабырғаны тік және көлденең шыбықтармен арматуралау

Г қосымшасы
(ақпараттық)

Алдын ала кернелген қабырғалар




Г.1-сурет – Көпір кранмен жабдықталған өндірістік ғимарат тас қабырғасының алдын ала кернеуі [13]




1 – алдын ала кернелген тас аражабын

Г.2-сурет – Қаңқалы ғимарат қаттылығының тік диафрагмасы ретінде қолданған кезде жарыққа төзімділігін арттыру мақсатында тас өздігінен көтергіш арақабырғаның алдын ала кернеуі [19]




1 – алдын ала кернелген арматура, 2 – көлденең ерітінді жіктердегі арматура тор,
3 – арматураланған белдік

Г.3-сурет – Силикатты блоктардан жасалған зауытта дайындалған алдын ала кернелген қабырға панелі [26]




1 – арматура, 2 – тас қалау, 3 – алдын ала кернегеннен кейінгі арматураны анкерлеуге арналған тірек, 4 – монтаждау түйіндері


Г.4-сурет – Керамикалық тастардан жасалған зауытта дайындалған алдын ала кернелген қабырға блоктары [2]



Г.5-сурет – Сейсмикалық белсенді аумақтарда тұрғын үйді (б) тұрғызған кезде алдын ала кернелген тас блоктарды (а) қолдану [2]




Г.6-сурет - Тас тірек қабырғалардың алдын ала кернеуі [13]




1 –арматураны анкерлеу, 2 – кернелген арматура, 3 – темірбетон жабын

Г.7-сурет – Тас қабырға парапетінің алдын ала кернеуі [31]




Г.8-сурет – Қабырғаның төменгі бөліктерінде алдын ала кернелген арматураны анкерлеу сызбасы (а,б) – іргетаста, в) – қабырғада шөккен анкерде, г) – темірбетон маңдайшада, д) – темірбетон аражабында) [6]




1 – тас қалау, 2 – темірбетон белдік, 3 – кернелген арматура, 4 – қалауда сығатын кернеулерді бөлу траекториясы

Г.9-сурет – Бөлінген темірбетон белдік арқылы қабырғаның тас қалауына алдын ала кернеу күштерін P_k беру [19]




1 – шайба, 2 – полиэтилен келте құбыр, 3 – кернелетін арматура, 4 - инъекцияланған ерітінді,
5 – темірбетон белдік арматурасы, 6 – құрылыс ерітіндісі инъекциясына арналған келте құбыр,
7 – шиыршық түрінде жанама арматуралау

Г.10-сурет – Тас қалаудың темірбетон белдігінде кернелген арматураны анкерлеу бөлшегі [18]




1 – алдын ала кернелген арматура, 2 – инъекцияланатын ерітінді, 3 – ерітіндіні инъекциялауға арналған келте құбыр, 4 – құрылыс ерітіндісі, 5 – металл шайба

Г.11-сурет –Тас қалауда алдын ала кернелген арматураны анкерлеу бөлшегі [18]



1 – шайба, 2 – төлке, 3 - темірбетон белдік, 4 – ерітінді жігі, 5 – алдын ала кернелген арматура

Г.12-сурет – Қабырғаның темірбетон белдігінде алдын ала кернелген арматураны анкерлеу [6]



1 – айналу моменті, 2 – гайка, 3 – шайба, 4 – темірбетон белдік, 5 – алдын ала кернелген арматура,
6 – тас қабырға, 7 – алдын ала кернелген арматураны іргетаста анкерлеу


Г.13-сурет – Көп қабатты тас қабырғаның алдын ала кернеуі [6]

Д қосымшасы
(ақпараттық)

**Композиттік материалдардан жасалған торлармен қабырғаларды беттік
арматуралау**




**Д.1-сурет – Композиттік материалдан жасалған торлармен арматураланатын тас
қабырға бөлігі**




1 – темірбетон ұстындар, 2 – темірбетон қаңқаны толтыратын тас қабырға, 3 – композиттік материалдардан жасалған торлар

Д.2-сурет - Кернеу концентраторлары бар тас қабырға бөліктерін композиттік материалдардан жасалған торлармен арматуралау [37]




1 –темірбетон аражабын, 2 – тас аражабын, 3 – аралық қабырғаларды аражабындарға анкерлік бекіту, 4 - аралық қабырғаларды көлденең қабырғаларға анкерлік бекіту

Д.3-сурет - Тас арақабырғаларды композиттік материалдардан жасалған торлармен арматуралау [37]



1– тас аралық қабырғалар, 2 – композиттік материалдардан жасалған тор


Д.4-сурет - Арық түріндегі тас маңдайшаларды композиттік материалдардан жасалған торлармен арматуралау [37]



Д.5-сурет – Сейсмикалық әсерлерге ұшыратылған тарихи ғимараттың шетжақ қабырғасын композиттік материалдардан жасалған торлармен арматуралау [37]




Д.6-сурет – Сейсмикалық әсерлерге ұшыратылған тас ғимарат қабырғаларын композиттік материалдардан жасалған торлармен арматуралау [37]



1 – тас қабырға, 2 – торлы арматура

Д.7-сурет – Қабырға бөлігін жүктеу (а,б) және беттік арматуралау қажеттігі жоқ (в) және арматуралау қажет емес (г) кездегі біркелкі әсер ететін күштер M және N жағдайы [37]



1 – композиттік материалдардан жасалған торлар, 2 – темірбетон аражабындар, 3 – көлденең тас қабырғалар

Д.8-сурет – Сейсмикалық әсерлерге ұшыратылған ғимараттың тас қабырғаларын композиттік материалдардан жасалған торлармен арматуралау [37]

БИБЛИОГРАФИЯ

1. Бедов А.И., Габитов А.И. Проектирование, восстановление и усиление каменных и армокаменных конструкций (Тас және армотас конструкцияларды жобалау, қалпына келтіру және нығайту). АСВ баспасы, Мәскеу, 2008.
2. Измайлов Ю.В. Индустриальное строительство сейсмостойких каменных зданий (Сейсмөзімді тас ғимараттардың индустриалды құрылысы). Кишинев, 1983.
3. Drobiec L, Jasinski R, Piekarczyk B. Konstrukcje murowe według Eurokodu 6 (6 Еурокодына сәйкес тас конструкциялар) . Т.1. Wydawnictwo naukowe PWN, Warszawa, 2013.
4. Gunkler E., Budelmann H. Mauerwerk kompakt für Studium und Praxis (Зерттеу және тәжірибеге арналған тас конструкциялар жөніндегі құрал). Werner Verlag, Berlin, 2008.
5. Kubica J. Mechanika muru obciążonego w swej płaszczyźnie (Өз жазықтығында жүктелген тас конструкциялар механикасы) Gliwice 2012 –Польша.
6. Pierzchlewicz J., Jarmontowicz R. Budynki murowe. Materiały i konstrukcje (Тас ғимараттар. Материалдар және конструкциялар) Arkady, Warszawa, 2004- Польша.
7. Schneider K., Sahner G., Rast R. Mauerwerksbau aktuell 2012. Praxishandbuch für Architekten und Ingenieure (2012 жылға тас үй құрылысы жағдайы. – Германия.
8. Сәулетшілер мен инженерлерге арналған тәжірибелік анықтамалық құрал. Berlin, 2012.
9. Taly N. Design reinforced masonry structures (Арматураланған тас конструкцияларды есептеу). New York, 2010 – АҚШ.
10. Murfor – Mauerwerksbewehrung. Deutsches Institut für Bautechnik (Murfor –Тас конструкцияларды арматуралау. Неміс құрылыс техника институті). 2011.
11. DIN 1053 – 3 Bewehrtes Mauerwerk. Berechnung und Ausführung. (Құрылыс нормалары. Арматураланған тас конструкциялар. Есептеу және жобалау). – Германия.
12. Fernando F., Sunup M. Provisions for the design of masonry deep beams (Биік тас арқалықтарды жобалауға арналған алғышарттар) International Brick and Block Masonry Conference. Brazil, 2012.
13. Guidelines for Structural Use of Reinforced Masonry. Indian Institute of Technology (Арматураланған тас конструкцияларды қолдануға арналған нұсқамалар. Үндістан технология университеті). Kanpur, 2005 - Үндістан.
14. Hendry A.W. Reinforced and Prestressed Masonry (Арматураланған және алдын ала кернелген тас конструкциялар). New York, 1991 – АҚШ.
15. Reinforced Masonry Pier Construction (Қабырғалардың арматураланған тас конструкциялар). FEMA баспасы №14, 2005 – Англия.
16. Helifix Stress Free Structural Solutions (Алдын ала кернеусіз Helifix арматуралаудың конструкциялық жүйесі) London, 2001 – Англия.
17. Mawhofer Chr. Reinforced masonry walls under blast loading . International Journal of Mechanical Sciences (Динамикалық әсерлер кезіндегі арматураланған тас қабырғалар. Теориялық механиканың халықаралық журналы). №44, 2002.
18. Jager W., Bair G., Schoops P. Bewehrtes Mauerwerk nach dem überarbeiten Eurocode 6. Teil 1-1 (1996-1-1 Еуропалық нормаларға сәйкес әзірленетін арматураланған

тас конструкциялар). Ай сайын шығатын «Каменные конструкции» («Тас конструкциялар») журналы (Mauerwerk) №1 2004ж. – Германия.

19. Тас конструкциялардың жылдығы. Ernst & Sohn баспасы. Берлин (Mauerwerk - Kalender, Ernst & Sohn. Berlin) 2011 ж. – Германия.

20. Тас конструкциялардың жылдығы. Ernst & Sohn баспасы. Берлин (Mauerwerk - Kalender, Ernst & Sohn. Berlin) 2007 ж. – Германия.

21. Ай сайын шығатын «Каменные конструкции» («Тас конструкциялар») журналы (Mauerwerk) №6 2009 ж. – Германия.

22. Ай сайын шығатын «Каменные конструкции» («Тас конструкциялар») журналы (Mauerwerk) №1 2004 ж. – Германия.

23. Ай сайын шығатын «Каменные конструкции» («Тас конструкциялар») журналы (Mauerwerk) №1 2006 ж. – Германия.

24. www.solbetperfekt.pl.

25. www.xella.pl.

26. www.thermopor.de.

27. www.kalksandstein.de.

28. www.mauerwerksbewehrung.de.

29. www.mfixings.de.

30. www.ziegeleien.de.

31. www.mapei.pl.

32. www.helifix.com.

33. www.boral.com.au/masonry.

34. www.murfor.de.

35. www.habe.pl.

36. www.arda.com.pl.

37. www.ruredil.it.

38. www.pro-armatura.ru.

ӘОЖ 624. 012.04(083.74)

МСЖ 91.010.30; 91.080.30

Түйінді сөздер: тас конструкциялар, арматураланған қабырғалар, тік жүктемелер, көлденең жүктемелер, статикалық есептеу

СОДЕРЖАНИЕ

Введение	IV
1 Область применения.....	1
2 Нормативные ссылки.....	2
3 Термины и определения	4
4 Обозначения и сокращения.....	5
5 Материалы	8
5.1 Строительные камни и блоки	8
5.2 Кладочные растворы	10
5.3 Каменная кладка	11
5.4 Арматура.....	14
5.5 Бетон заполнения	17
5.6 Сцепление арматуры с заполнением.....	18
6 Расчет стен при изгибе	19
6.1 Расчетные модели	19
6.2 Несущая способность при изгибе в плоскости стены	23
6.3 Несущая способность при изгибе из плоскости стены	33
7 Расчет стен при сжатии и сжатии с изгибом.....	37
7.1 Общие положения.....	37
7.2 Методика расчета.....	38
8 Расчет стен при сдвиге	43
8.1 Общие положения.....	43
8.2 Расчет на горизонтальные нагрузки.....	45
8.3 Расчет на вертикальные нагрузки	47
9 Предварительно напряженные конструкции	50
10 Предельное состояние по эксплуатационной пригодности.....	52
11 Конструктивные и технологические требования	55
Приложение А (<i>информационное</i>) Горизонтальное армирование стен	63
Приложение Б (<i>информационное</i>) Вертикальное армирование стен	71
Приложение В (<i>информационное</i>) Смешанное (горизонтальное и вертикальное) армирование стен	77
Приложение Г (<i>информационное</i>) Предварительно напряженные стены	85
Библиография.....	96

ВВЕДЕНИЕ

Настоящее нормативно-техническое пособие подготовлено акционерным обществом «Казахский научно-исследовательский и проектный институт строительства и архитектуры» (АО «КазНИИСА»).

В настоящем нормативно-техническом Пособии приведены:

- Принципы и Правила расчета и проектирования армированных каменных стен на действие вертикальных и горизонтальных нагрузок, содержащиеся в Разделах 1-5 СН РК EN 1996-1-1:2005/2011 Общие правила для армированных и неармированных каменных конструкций;

- Принципы и Правила расчета и проектирования армированных каменных стен на действие вертикальных и горизонтальных нагрузок, содержащиеся в Разделах 1-5 СН РК EN 1996-2:2005/2011 Проектные решения, выбор материалов и выполнение каменных конструкций;

- Принципы и Правила расчета и проектирования армированных каменных стен на действие вертикальных и горизонтальных нагрузок, содержащиеся в Разделах 1-5 СН РК EN 1996-3:2006/2011 Упрощенные методы расчета для неармированных каменных конструкций;

- Положения, развивающие Принципы и Правила, приведенные в Разделах 2-5 СН РК EN 1996-1-2:2005/2011 Общие правила определения огнестойкости;

- примеры, иллюстрирующие применение положений Разделов 2-5 СН РК EN 1996-1-1:2005/2011 в практике проектирования.

При разработке настоящего нормативно-технического Пособия, помимо положений СН РК EN 1996-1-1:2005/2011, учтены:

- положения Национального Приложения к СН РК EN 1996-1-1:2005/2011;

- соответствующие положения СН РК EN 1990:2002+A1:2005/2011 «Основы строительного проектирования»;

- СН РК EN 1993-1-1:2005/2011 Стальные конструкции;

- СН РК EN 1992-1-1:2004/2011 Железобетонные конструкции;

- апробированные результаты исследований и проектных решений, выполненных зарубежными организациями, специализирующимися в области проектирования армирования каменных конструкций.

В данном документе отражены эксплуатационные требования к армированным каменным конструкциям, характеристики применяемых материалов, а также методы расчета и конструирования армированных каменных стен на действие вертикальных и горизонтальных нагрузок.

Разработанное пособие является практическим документом по применению требований, изложенных в СН РК EN 1996-1-1:2005/2011 и является вспомогательным материалом по расчету и конструированию армированных каменных стен на действие вертикальных и горизонтальных нагрузок.

Настоящее нормативно-техническое Пособие предназначено для инженерно-технических работников, заказчиков проектной продукции, преподавателей и студентов высших учебных заведений.

Настоящее нормативно-техническое пособие вводится в действие для применения на добровольной основе в качестве нормативного документа Республики Казахстан.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК–ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ
НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПРОЕКТИРОВАНИЕ АРМИРОВАННЫХ КАМЕННЫХ СТЕН НА ДЕЙСТВИЯ
ВЕРТИКАЛЬНЫХ И ГОРИЗОНТАЛЬНЫХ НАГРУЗОК

CALCULATION AND DESIGN OF MASONRY FOR VERTICAL AND
HORIZONTAL ACTION

Дата введения – 2015-07-01

1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ

1.1 Настоящее нормативно-техническое Пособие составлено в развитие положений к СН РК EN 1996-1-1:2005/2011 «Проектирование каменных конструкций. Часть 1-1. Общие правила для армированных и неармированных каменных конструкций» и предназначено для применения при проектировании армированных каменных стен на действие вертикальных и горизонтальных нагрузок.

